

«Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы (жеке тұлғамен жасалатын) шартты бекіту туралы» бүйрықта қосымша

**ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫН БЕРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ
(ЖЕКЕ ТҰЛҒАМЕН)**

Осы Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартта (жеке тұлғамен) (бұдан әрі – Шарт) «ForteBank» АҚ-да (бұдан әрі – Банк) төлем карточкаларын шыгару және қызмет көрсетудің жалпы талаптары белгіленеді.

Осы Шарт бірігу шарты болып табылады және Банк Шарттың және Жеке тұлғаның банктік (ағымдағы/арнайы ағымдағы) шоты туралы шарттың (бұдан әрі – Шот шарты) (Жалпы талаптар) ажырамас бөлігі болып табылатын клиенттің жеке тұлғаларға арналған шот ашу және төлем карточкасын шыгару туралы өтінішін (бұдан әрі – Өтініш) алған күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

Клиент Өтінішке кол қоя отырып, Шарттың және Шот шартының талаптарын оқығандығын, түсінгендейдін және келісетіндігін раставиды, оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді. Аталған шарттар Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің forte.kz ресми сайтында көпшіліктің назарына ұсынылған.

Клиент/Контрагент осымен өзіне, оның өкіліне, бенефициарлық меншік иесіне немесе басқару құрылымындағы, меншігіндегі басқа қатысушыларына, сондай-ақ онымен бір тұлғалар тобына кіретін тұлғаларға, контрагенттерге қандай да бір шектеулер немесе шаралар қолданылмайтынын, сондай-ақ әрекеті жоғарыда көрсетілген тұлғаларға, сонымен қатар Банкке қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес ешқандай санкциялар тізіміне (бұдан әрі - Санкциялар) кірмейтінін раставиды.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

1.1. Клиенттің өтініші негізінде Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Банктің ішкі күжаттарын ескере отырып, Шот шартының тәртібінде және талаптарында клиентке ағымдағы шотты (бұдан әрі – Шот) ашуға, төлем карточкасын (бұдан әрі – Карточка) шыгаруға, Шотқа және Карточкаға қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге, оның шегінде бұндай шыгаруға және қызмет көрсетуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған төлем қызметінің кез келген түрін көрсетуге міндеттенеді, ал Клиент Банк қызметтерін тиісті операцияны жүргізу күні қүшінде болатын Банк тарифтеріне сәйкес төлеуге міндеттенеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда.

1.2. Шарт әрекет етеді:

- 1) Шарттың 2.12. т. сәйкес шағарылған/қайта шығарылған карточканың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін;
- 2) егер Шотқа сәйкес Карточка ұстаушыға басқа қосымша карточкалар шығарылмаған болса, Карточкины жойғанша;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздерде және тәртіпте Банк Карточка қолданылатын Шотты жапқанға дейін;
- 4) осы Шартта қарастырылған талаптар орын алғанға дейін.

1.3. Банк Карточканы шыгарады және қызмет көрсетеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банк пен төлем жүйесінің қатысушылары арасында бекітілген шарттарда, Шартта, соның ішінде Шот шартында қарастырылған тәртіпте Шот ашады. Бұл ретте, ол бойынша Карточкалардың операцияларды жүзеге асырумен байланысты Шот жүргізуінде және шот ашудың бөлек ерекшеліктері осы Шартпен реттеледі және олар Шот шартында бекітілген талаптардан өзгеше болған жағдайда, олар Шот шартының жалпы талаптарынан басым құшке ие болады.

1.4. Шарт мәтінінде қолданылатын терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген, сонымен қатар Шарттың 1-қосымшасында келтірілген мәнге ие. Шарт мәтінінде қолданылатын басқа арнайы терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мәнге сәйкес қолданылады.

1.5. Клиент үш жұмыс күні ішінде Банк жүргізетін Карточкалық операцияларға әсер етуі мүмкін барлық өзгерістер туралы, соның ішінде өз деректемелеріндегі барлық өзгерістер туралы, Банкке өзгертілген құжаттардың түпнұсқаларын бере отырып, Банкке жазбаша хабарлауға міндеттеннеді. Банк бұрын берілген құжаттарды ауыстыруға әкелетін өзгерістер туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей өзгүтерді жүзеге асырады.

1.6. Банктің ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларда және тәртіpte Банк Клиентке Банк тарифтеріне сәйкес қосымша қызмет көрсетеді, соның ішінде Cashback және/немесе бонус, оған сәйкес Клиенттің қолма-қол ақшасыз, сонымен қатар Интернет арқылы жүргізген Карточкалық операциялары бойынша Банк Клиентке белгілі соманы төлейді. Cashback және/немесе бонустар қызметін көрсету талаптары Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді және Банктің тиісті шешімінің негізінде Банкпен бір жақты тәртіpte өзгертуі/толықтырылуы мүмкін. Cashback және/немесе бонустар қызметін көрсету талаптары туралы ақпарат Банк сайтында орналастырылады.

1.7. Жүргізілген Карточкалық операция бойынша ақша кері қайтарылған жағдайда, бұндай операцияға байланысты Клиентке берілген Cashback және/немесе бонустар сомасы Клиенттің Банкте ашылған банктік шотынан тұра дебеттеу жолымен бекітілген тәртіpte Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен алынады.

1.8. Банк Клиенттің ақшасын Шотқа рұқсатсыз кіруден және/немесе рұқсатсыз төлемнен қорғау мақсатында Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін келесі шектеулерді қоя алады:

1) Карточкины бұғаттау;

2) Карточка бойынша карточкалық операциялар жүргізуге лимит белгілеу.

1.9. Клиент карточкалық шығыс операцияларға шектеуді өзгерту мәселесі бойынша Банкке жүргінуге құқылы. Бұл ретте карточкалық шығыс операцияларға шектеуді өзгертуі Банк Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіpte жүргізеді.

1.10. Карточкины, оның ішінде Қосымша карточкины шығару мақсатында Клиент және (немесе) Қосымша карточка ұстаушы Отінішке қол қою арқылы келісім береді:

1) Банктің реңми сайтында орналасқан дербес және өзге де деректерді жинауға және өңдеуге келісім нысаны бойынша Клиенттің деректерін /дербес деректерін жинауға, өңдеуге forte.kz және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізу тәртібіне келіседі.

2) төлем карточкаларға ақшаны аударатын ұйымның өкіліне (өкілдеріне), бұл төлем карточкасын және/немесе ДСН конвертті (ПИН-конвертті) карточка ұстаушыға одан әрі тапсыру үшін*.

* Бұл талап еңбекақы жобасы шегінде карточкалар шығарылатын жеке тұлғалар үшін және ұйым өкілдері арқылы карточкаларды/ДСН конверттерді тапсыру жағдайындаған әрекет етеді.

2. КАРТОЧКАНЫ ШЫГАРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ШЫГАРУ

2.1. Клиент Банк белгілеген үлгі бойынша өтінішін және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған қажетті құжаттарды берген жағдайда және Банктің карточкины шығару туралы оң шешімі болған жағдайда, Банк белгілеген мерзімде Банк Карточка шығарады. Карточкиның берілуге дайын екендігі туралы Банк Клиентке Клиент өтінішінде көрсеткен кез келген мобильді телефон нөміріне қонырау шалу және/немесе SMS–хабарлама жолдау және/немесе ҚБҚЖ- да Push-хабарламалар, Клиент өтінішінде көрсеткен электронды поштасына хабарлама жолдау арқылы хабарлайды. Қонырау шалу, хабарлама жолдау кез келген күні (демалыс және мейрам күндерін қоса алғанда) Астана қ. уақытымен сағат 9-00 бастап 18-00 дейін жүзеге асырылады.

2.2. Карточкины шығару/қайта шығару Банк белгілеген тәртіpte қашықтан кіру жүйесі арқылы орындалады.

2.3. Клиенттің өтініші негізінде Банк Клиенттің өтінішінде көрсетілген тұлғалардың атына Қосымша карточка(-лар) шығара алады, бұндай карта шығару Банкте қарастырылмаған немесе заңмен рұқсат етілмеген жағдайларды қоспағанда. Қосымша карточкины қолдану арқылы орындалған баолық Карточкалық операциялар Клиент орындаған болып есептеледі. Қосымша карточкины ұстаушы Шартта қарастырылған талаптардың орындалуы үшін Банк алдында ортақ жауапкершілік көтереді. Банк белгілеген тәртіpte Банк Шарт бойынша Қосымша карточка берілген тұлғалар тізімін жүргізеді.

2.4. Шоттың және/немесе карточканы бергенге дейін немесе карточканы берусіз карточканың деректемелерін ғана қолдану арқылы карточкалық операция жүргізуге мүмкіндік беретін статусы белсенді карточка шығару, карточка виртуалды болған жағдайда немесе Ұстаушы ҚБҚЖ пайдалануышы болған жағдайда, белгіленген тәртіpte Шартты бекіткеннен кейін мүмкін болады.

2.5. Көмелетке толмаған тұлғага (негізгі және қосымша) карточка шығару Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Банктің ішкі құжаттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

2.6. Банк Карточканы келесі тұлғаларға береді:

1) тікелей Карточканы ұстаушыға,

2) Карточканы ұстаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte берген сенімхаты негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа негіздерде әрекет ететін, Карточканы ұстаушының мүддесіне өкілеттік ететін уәкілетті тұлғага.

2.7. Карточканы қолға алған соң Шарттың 2.6. т. қарастырылған тұлға Карточканы алғандығын куәландыратын немесе карточканы алғандығын бір реттік (біржолғы) SMS-кодты арқылы (динамикалық сәйкестендіру) Банк құжатына қол қояды. Карточканы ұстаушы Карточканың артқы бетіндегі қолтаңба үлгісін қоюға арналған панельге қаламмен қол қояды.

Карточканы бергенге дейін немесе карточканы берусіз карточкалық операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін статусы карточка шығарған жағдайда Банк Ұстаушыға Шарттың 6-қосымшасында қарастырылған тәртіpte оның деректемелері туралы ақпаратты береді.

2.8. Шарттың 2.6. т. көрсетілген тұлғага Карточка қолына берген соң оның қолына ішінде ДСН коды жазылған арнайы желимденген ДСН конверті беріледі. Карточка Е-ДСН технологиясымен шығарылуы мүмкін, ол Клиент өзінің ұялы телефонына Банктен келген бір реттік (бір жолғы) SMS кодын растиған соң Банк банкоматында өз Карточкасы бойынша өз бетінше ДСН кодын орнатуын қарастырган. Өзі орнатқан ДСН кодын есте сактау керек. Карточканы ұстаушы Карточканы қолданудың толық мерзімі ішінде Карточканы сенімді сактауга, оны үшінші тұлғалардың қолдануына бермеуге, үшінші тұлғаларға өзінің ДСН кодын, 3D Secure/SecureCode/CVV2/CVC2 кодын, Verified by Visa/ MasterCard Secure Code, транзакциялық кодты жарияламауга міндеттенеді. Уәкілетті емес тұлға ұсынған Карточка белгіленген тәртіpte алынады.

2.9. Карточканы ұстаушы карточканы алған соң банкоматта ДСН кодын енгізумен операция жүргізу карточканы іске қосуы қажет. Карточканы бұлай іске қосуды карточканы ұстаушы өзі орындаиды және карточканы онымен операциялар жүргізу үшін қолдануға болатын күйге келтіреді.

2.10. Оның негізінде Карточка шығарылған тиісті өтініш берілген күннен бастап 6 (алты) айдан астам уақытқа дейін Шарттың 2.5. т. қарастырылған тұлғалар Карточканы алу үшін Банкке келмеген жағдайда, Банк Карточканы жояды. Карточканы үшінші тұлғалардың қолдануына беруге болмайды.

2.11. Карточканың мерзімі өткен/жоғалған/ұрланған/закымданған жағдайда, Карточканы ұстаушының тегі және/немесе аты өзгертилген жағдайда, Карточканы Карточкалар бойынша алаяқтық дәрежесі жоғары елдерде қолданған жағдайда және басқа жағдайларда Банктің немесе Клиенттің бастамасы бойынша Клиенттің жазбаша өтінішінде негізінде немесе ҚБҚЖ- қашықтан кіру жүйесі арқылы өтінім беру негізінде Карточка қайта шығарылады. Карточканы қайта шығару қайта шығаруды орындау күні қолданыстағы Тарифтерге және Шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Карточкалар бойынша алаяқтық дәрежесі жоғары елдер тізімі хабарландыру үшін бір жақты тәртіpte Банк сайтында орналастырылады және жаңартылады.

2.12. Карточканы Карточкалар бойынша алаяқтық дәрежесі жоғары елдерде қолданған соң Клиент Карточканы бүндай елдерде қолдану тоқтатылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Банкке Карточканы қайта шығару үшін хабарласуға міндетті. Аталған талапты орындаған жағдайда және соған байланысты Карточканы рұқсатсыз пайдалану оқиғасы туындаған жағдайда, Банктің барлық шығының, сонымен қатар Банкке келтірілген залалды Карточканы ұстаушы шартсыз тәртіpe өтейді. Бұл ретте аталған талапты орындауы салдарынан Клиентке келтірілген залалды Банк етемейді.

2.13. Карточкада қолданылу мерзімі өтетін айы мен жылы көрсетіледі. Карточка Шартта белгіленген тәртіpte іске қосылған сәттен бастап және онда көрсетілген айының соңғы күніне дейін (қоса алғанда) күшінде болады. Қолдану мерзімі өткен Карточкалар бойынша Карточкалық операциялар жүргізілмейді. Барлық мерзімі өткен Карточкалар бұғатталады және Банкке тапсырылуы тиіс. Банк Карточканың мерзімі өткендігі туралы Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде хабарлайды. Хабарлама Клиент өтінішінде көрсеткен кез келген мобиЛЬДІ телефон нөміріне қонырау шалу және/немесе SMS-хабарлама арқылы, және/немесе ҚБҚЖ- да Push-хабарламалар, Клиент өтінішінде көрсеткен адрес бойынша электронды пошта жолдау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қонырау шалу, хабарлама жолдау кез

келген күні (демалыс және мейрам күндерін қоса алғанда) Астана уақытымен сағат 9-00 бастап 18-00 дейін жүзеге асырылады.

2.14. Карточкины ұстаушы Карточкины қолданудан бас тартқан жағдайда, Банкке тиісті жазбаша өтінішін береді және пластикалық карточка алған жағдайда, сонымен қатар барлық қосымша карточкины Банкке қайтарады.

2.15. Дербестендірілмеген Карточкины шығару Банк тарифтеріне сәйкес Клиенттен карточка шығару туралы өтінішті алған күні жүзеге асырылады. Дербестендірілмеген Карточкины шығару және қызмет көрсету ерекшеліктері Шарттың 3-қосымшасында белгіленеді.

2.16. Виртуалды карточкины шығару және қызмет көрсету ерекшеліктері Шарттың 6-қосымшасында белгіленеді. Шарттың 6-қосымшасындағы ережелермен реттелмеген жағдайда, Шарттың ережелері қолданылады.

3. КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Банк Карточкаға қызмет көрсетуді, тікелей бақылауындағы жүйелердің және электронды жабдықтардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді және олар Банкке төуелсіз себептерден тоқтап қалған жағдайда қызмет көрсетуді қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қолданады. Карточкалық операция жүргізілген соң, Шартта белгіленген тәртіpte, бұндай хабарлама үшін Банк тарифтеріне сәйкес комиссия ала отырып (немесе алусызы), Клиент өтінішінде көрсеткен кез келген мобиЛЬДІ телефон нөміріне SMS-хабарлама, және/немесе ҚБҚЖ-да Push-хабарламалар жолдау арқылы Банк Клиентті Карточкалық операциялар туралы хабарландырады. Хабарлама кез келген күні (демалыс және мейрам күндерін қоса алғанда) кез келген уақытта жолданады.

3.2. Клиент Шартқа қосыла отырып, Банктің клиент ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы жіберген құжаттарын/нұсқауларын алуы заңдық түрғыдан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген құжаттарды қағаз түрінде алғанмен тең екендігін түсіне қабылдайды. Бұл ретте, Клиент ҚБҚЖ/ басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы орындау үшін жіберілген бұндай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін толық жауапкершілік көтереді.

3.3. Егер Карточкалық операция бір валютада жүзеге асырылған, ал Шот басқа валютада жүргізілетін болса, Шоттан ақша алу Карточкалық операция валютасы Шот валютасына ауыстырылған соң жүзеге асырылады. Карточкалық операция валютасын Шот валютасына ауыстыру төлем жүйесінің қатысуышылары арасында бекітілген шарттарға сәйкес жүргізіледі. Карточкалық операцияны Шот валютасынан бөлек валютада жүзеге асырган жағдайда Банк операцияны орындау күні белгілеген шетел валютасын айырбастау бағамын қолдана отырып, Банк шот бойынша қамтып көрсетуді жүзеге асырады.

3.4. Егер Карточкалық операция Қазақстан Республикасынан тыс жерде орындалса, онда Карточкалық операция ХТЖ ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. ХТЖ арқылы, АҚШ долларынан/Еуродан бөлек валютада жасалған Карточкалық операцияның сомасы Банкпен осы Карточкалық операция бойынша есеп айырысу күні ХТЖ белгілеген бағам бойынша немесе ХТЖ белгілеген басқа тәртіпте АҚШ долларына/евроға айырбасталады.

3.5. Банк Клиент шотындағы Карточкалық операция бойынша авторизациялау сомасын жүргізілген Карточкалық операция бойынша растама құжаттарын алғанға дейін, тиісті ХТЖ белгілеген мерзімге, оны шоттан алғанға дейін немесе Банк авторизациялау сомасына төлем жүзеге асырылмағандығы туралы растаманы алғанға дейін бұғаттауға құқылы. Бұл ретте, шотта бұғатталған сома Банк Карточканы бұғаттау туралы өтінішті алған соң Банк алуы мүмкін.

3.6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte және негіздерде Карточкины ұстаушының Карточкалық операциясын авторизациялаудан бас тартуға құқылы.

3.7. Карточкины кез келген заңсыз мақсатта, соның ішінде жергілікті заңнамада (келген елдің заңнамасы), Карточкины ұстаушыға қатысты қолданылуы мүмкін, тыйым салынған тауарларды және/немесе қызметтерді төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру мақсатында қолдануға болмайды.

3.8. Валюталық Карточкалық операциялар Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында валюталық операцияларды жүргізуге қатысты белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

3.9. Қазақстан Республикасының аумағында Карточкалық операциялар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындаған жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда.

3.10. Клиент дұрыс ДСН кодын (Карточкалық операцияны жүргізу кезінде ДСН кодын енгізу талап етілген жағдайда), CVV2/CVC2 кодын, Verified by Visa / MasterCard Secure Code терумен және/немесе Карточкины ұстаушының қолтаңбасымен расталған, сонымен қатар Шарт талаптарына

сәйкес, жанасусыз төлем технологиясы арқылы Карточканы қолданумен және/немесе 3D Secure/SecureCode дұрыс құпия сөзін растанап терумен жүргізілген және/немесе Интернет желісінде Карточкалық операцияларды жүргізу кезінде Карточканың деректемелерін көрсетумен жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша шартсыз есеп айырысуға міндеттенеді, егер оны жүзеге асырганға дейін Карточканы бұғаттау немесе жою туралы өтініш негізінде Карточканы бұғаттау жүзеге асырылмаған болса.

3.11. Карточкаға Карточканың магниттік жолағындағы және/немесе микропроцессорындағы жазбаны зақымдап, Карточкалық операциялардың жүргізілмеуіне әкеп соқтыруы мүмкін мынадай жағымсыз факторлардың әсер етпеуі тиіс: электромагниттік өріс (дисплейлермен, магниттілген немесе құрамында магниті бар заттармен, мысалы кілттермен, сөмкедегі магнит құлыптармен және т.б. бірге ұсташа болмайды), механикалық ақаулар (сызат, ластану, қызу, мысалы күн сәулесінен және т.б.). Карточканы сыртқы әсерден қорғайтын тәсілмен сактаған дұрыс, оны қолдануда шамадан тыс күш салуға болмайды.

3.12. Карточканы ұсташашы сауда және қызмет көрсету кәсіпорны арқылы сауда жасаған жағдайда, Карточканы ұсташашы белгіленген жағдайларда жеке басын куәландыратын құжаттың көрсетуі тиіс. Интернет ғаламдық желісінде тауарлар мен қызметтер ақысын төлеуге Карточкаларды қабылдайтын интернет дүкенінің талаптарында және тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

3.13. Банкоматтан қолма-қол ақша алу операцияларын жүргізу кезінде Карточканы ұсташашы банкоматта орналастырылған логотиптер арқылы оның VISA/MasterCard төлем жүйелеріне қызмет көрсететіндігін салыстыруы қажет. Карточканы банкоматтың қабылдау құрылғысына беткі жағын жоғары қаратып салу қажет және одан әрі қателеспей үшін банкоматтың дисплейіндегі нұсқаулықпен жүруі қажет. Банкоматтың экранында операцияны орындау үшін әрекеттер реті көрсетіледі. Қалыптан тыс жағдайларда Карточканы ұсташашы тез арада Банк қызметкерлеріне немесе банкоматқа қызмет көрсететін компанияға банкоматта көрсетілген нөмір бойынша және/немесе Карточканың артқы бетінде көрсетілген нөмірлер бойынша хабарласуы қажет.

3.14. Қолма-қол ақша алу кезінде купюраны банкоматтан 20 секунд ішінде алу керек, ол уақыттан соң қауіпсіздік мақсатында банкомат ақшаны алу ұмытылды деп белгілейді де ақшаны кері алады. Банкомат ақшаны қайтып алған жағдайда Банкке Банк белгілеген тәртіpte жазбаша өтінішпен жүгіну қажет.

3.15. Жүргізілген Карточкалық операция бойынша наразылық болған жағдайда Карточканы ұсташашы Банкке жазбаша өтінішімен жүгінуге құқылы, Банк рұқсат етілмеген төлем бойынша өтінішті немесе басқа наразылықты қабылдаған жағдайда ХТЖ алдында Карточканы ұсташашы атынан қолда бар құжаттармен (слипптер, чектер және т.б.) шығады. Карточканы ұсташашының жүргізілген Карточкалық операция бойынша наразылығын, сонымен қатар Карточканы ұсташашының Банкке кез келген басқа жүгіндерін Банк Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мерзімде қарастырады. Карточканы ұсташашының наразылығы негізі болған жағдайда Банк жүргізілген зерттеу негізінде ХТЖ қарастырылған мерзімде тиісті Карточкалық операцияны болдырмауы мүмкін, егер ондай болдырмау мүкін болса.

3.16. Карточканы ұсташашының рұқсат етілмеген төлем бойынша немесе басқа наразылығы негізі болған жағдайда, Банк шоттағы Карточкалық операция соамсын қалпына келтіреді және Клиентке басқа құжатпен расталған шығындарын наразылықты қарастыру аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтейді.

3.17. Карточка бойынша пікірталас жағдайы туындаған кезде Банк Клиенттің өтінішін Клиенттің Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген операциялар бойынша өтінішін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарастырады, сонымен қатар Карточканы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қолданған жағдайда, өтінішті алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарастырады.

3.18. Даулы карточкалық операциялар бойынша арыздарды Банк карточкалық операция жасалған күннен 45 (қырық бес) күн кешіктірмей Карта ұсташашының болған жағдайда дәлел құжаттарын (слипптер, чектер және т.б.) тіркеуімен қабылдайды. Олай болмаган жағдайда орындалған карточкалық операция расталған болып есептеледі. Банк шағымды кері қайтаруы мүмкін.

3.19. Мультивалюталық карточка бойынша операция жүргізуін өрекшеліктері Шарттың 4-қосымшасында белгіленген.

4. КАРТОЧКАНЫ БҰҒАТТАУ ЖӘНЕ БҰҒАТТАН ШЫГАРУ

4.1. Карточканы бұғаттау Қазақстан Республикасының заннамасында, сонымен қатар Шартта белгіленген негіздерде орындалады.

4.2. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлардан басқа келесі жағдайларда өз қалауы бойынша белгілі бір мерзімге Карточканы бұғаттауга және/немесе Карточканы ұстаушының ҚБҚЖ-дегі рұқсатына шектеу қоюға құқылы:

- 1) рұқсат етілмеген төлемдердің жүргізуіне, Карточканы ұстаушыға зардап әкелуі мүмкін жағдайлардың болуы;
- 2) Клиенттің техникалық овердрафттарды және оның Банк алдындағы кез келген міндеттемесі бойынша кез келген берешегін өтемеуі, бұндай берешек туындаған сәттен бастап берешек сомасын толық өтегенге дейін Клиенттің Банк алдындағы кез келген басқа міндеттемесін орындауы немесе тиісті түрде орындауы;
- 3) Карточканы ұстаушының Карточкалық операцияны жүзеге асыруы кезінде дұрыс емес ДСН кодын катарапанан 3 (үш) реттен артық колдануы;
- 4) мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімінің/қаулысының негізінде Шоттағы ақшаға тыйым салу;
- 5) клиенттің банктік шотындағы ақша (барлығы немесе бір бөлігі) алайқтық немесе басқа да зансыз әрекеттердің нәтижесі болып табылатындығы туралы құдік туындаса және клиентке, Банкке немесе оның басқа да клиенттеріне қатысты зансыз әрекеттер жасалуы мүмкін басқа да жағдайларда, осы әрекеттердің және олардың салдарын болдырмау үшін, клиенттің, Банктің немесе оның басқа клиенттерінің ықтимал шығындарын азайту үшін.

4.3. Карточканы ұстаушы Банктің қандай да бір Карточкалық операциялардың зандылығын (рұқсат етілгендейгін) (Карточканы ұстаушының оған қатыстылығын немесе қатысты еместігін) анықтау үшін онымен жылдам байланысуын қамтамасыз етуге міндетті.

4.4. Карточканы ұстаушы Карточканы рұқсатсыз пайдалану қаупінің алдын алу үшін, Карточканы жоғалтқан/ұрлатқан/немесе басқа рұқсатсыз пайдалану жағдайында, соның ішінде Банктен бұл туралы SMS-хабарлама, және/немесе ҚБҚЖ-да Push-хабарламалар алған соң қосымша карточканың шығарылуымен негізді түрде келіспеген жағдайда Банкке тез арада бұндай деректердің анықталғандығын хабарлап, Банктің кез келген филиалына тез арада жазбаша өтінішімен жүргіну немесе Банкке ауызша хабарлау арқылы Карточканы/қосымша карточканы бұғаттауға/ҚБҚЖ-де өз бетінше бұғаттауга міндетті. Сәйкестендіру деректерін дұрыс айтқан жағдайда бұғаттау туралы хабарлама Карточканы ұстаушыдан келген болып есептеледі және Карточканы бұғаттау салдары үшін наразылықтарды Банк қабылдамайды. Карточканы ұстаушы Шарттың осы тармағында көрсетілген міндеттерін орындаған соң Банк 20 минуттың ішінде Карточканы бұғаттайтын және Карточканы қолдануды тоқтатады, сонымен қатар Банк бекіткен тәртіpte, сонын ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, кінәрат-талаңтық жұмыстар жүргізу және ХТЖ ережелеріне сәйкес, Эквайер банктен жүргізілген операцияларға қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату арқылы төлемнің рұқсат етілгендейгін/рұқсат етілмегендігін анықтау бойынша шаралар жүргізеді.

4.5. Жоғалтқан/ұрлатқан Карточканы бұғаттау Карточканы ұстаушының нұсқауы бойынша Карточканың деректемелерін тиісті тоқтатым-парагына енгізумен немесе енгізусіз жүзеге асырылады. Бұл ретте, жоғалтқан/ұрлатқан Карточканы Карточканың деректемелерін тоқтатым-парагына енгізусіз бұғаттаған жағдайда, жоғалтқан/ұрлатқан Карточканы эквайердің көзінде құрылғысында әлемнің кез келген басқа аймағында, Банк құрылғыларын және бұл тоқтатым-парагы әрекет ететін әлем аумақтарының эквайерлерін қоспағанда, рұқсатсыз пайдалану қаупі бар. Карточканы ұстаушы Карточканы жоғалтқандығы немесе Карточканы рұқсатсыз пайдалану туралы Банкке хабарламаған/уақытында хабарламаған жағдайда Карточканы жоғалтуға немесе Карточканы рұқсатсыз пайдалануға байланысты барлық тәуекелдерді көтереді.

4.6. Бұрын жоғалған деп жарияланған Карточканы тапқан жағдайда Карточканы ұстаушы бұл туралы тез арада Банкке хабарлауы тиіс, одан кейін Карточканы Банкке қайтаруы керек, егер Банк оның орнына жаңа Карточканы шығарған болса, Шартқа сәйкес оны бұғаттан шығаруға болмайды.

4.7. Осы арқылы Клиент Карточканы ұстаушының Банк қызметкерімен телефон арқылы тілдесуінің Банк жазу құрылғысы арқылы жазып алған жазбасы Карточканы ұстаушыдан келіп түсken ауызша хабарлама мазмұнының жеткілікті дәлелі болып табылатындығымен сөзсіз келіседі.

4.8. Бұрын Карточканы ұстаушы жоғалған/ұрланған/рұқсатсыз пайдаланған деп жарияланған және тоқтатым-парака енгізілген Карточканы бұғаттан шығаруға болмайды.

4.9. Карточка келесі жағдайларда бұғаттан шығарылады: егер бұғатталған Карточканы бұдан эрі қолдану оны ұстаушы үшін қаупісіз болса (мысалы, уақытша жоғалтқан Карточканы тапқан жағдайда); Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және басқа занды негіздер бойынша шоттағы ақшаға иелік етуге шектеулер әрекеті тоқтатылған соң.

4.10. Банк келесі жағдайларда Карточканы қайтып алады:

- 1) Карточканың қолданылу мерзімі өткен соң;
- 2) Клиент Шартта қарастырылған өз міндеттемелерін орындаған жағдайда;
- 3) Карточканы ұстаушы Карточканы қолданудан бас тартқан жағдайда;
- 4) Клиентпен Шарт бұзылған жағдайда;
- 5) ХТЖ талабы бойынша;
- 6) Карточканы беруші оның иесі болып табылмаған жағдайда;

4.11. Карточканы қайтып алған кезде тиісті акт/Карточканы қайтып алу дерегін растайтын басқа құжат құрастырылады.

4.12. Карточканы ұстаушының жазбаша өтінішінің негізінде, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда, Карточканы қайтып алған ХТЖ қатысуышы немесе Банк (қайтып алынған Карточканы Банкке жеткізген жағдайда) қайтару туралы шешім қабылдаған соң Банк қайтып алынған Карточканы тікелей Карточканы ұстаушыға қайтарады.

5. ШАРТ БОЙЫНША ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

5.1. Шарт бойынша Банк қызметін және Шарт бойынша төлеуге жататын басқа сомаларды төлеу Клиенттің өзінің ағымдағы шот(тары)нан, сонымен қатар кез келген басқа банктік шоттарынан бұндай алуға келісімінің, осы Шартқа қосылумен ұсынуы негізінде, Банктің Клиенттің банкте ашылған банктік шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақша алуы арқылы немесе Банк кассасы арқылы қолма-қол ақша енгізу жолымен жүргізіледі.

5.2. Техникалық овердрафт орын алған жағдайда Клиент ол туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде орын алған техникалық овердрафт сомасын өтеуге міндетті. Пайда болған техникалық овердрафтты өтеу Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіpte клиенттің банктік шотын тұра дебеттеу арқылы жүргізіледі. Клиенттің банктік шотында ақша болмағанда/жеткіліксіз болғанда, клиент көрсетілген мерзімде пайда болған техникалық овердрафты өтеу үшін қажетті соманы банктік шотта болуын қамтамасыз етуге міндетті. Клиент Карточканы қолдану арқылы ақша шығындауды қадағалайды және техникалық овердрафттың туындау жағдайларына жол бермейді.

5.3. Клиент алған Кредит лимитінің сомасын Банкке өтеу тәртібі тиісті кредит келісімдерімен реттеледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

6.1. Банк құқылы:

1) Келесі жағдайда банктік шот бойынша операция жүргізуді тоқтатуға және/немесе өткізуден бас тартуға:

1.1. егер осы операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы (тараптары) болып табылса:

a) уәкілдік орган Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйымдардың және тұлғалардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбелер) қосылған үйым немесе тұлға;

b) үйымдардың немесе Тізбелерге енгізілген тұлғаның тікелей немесе жанама меншігіндегі немесе бақылауында болатын заңды тұлға, үйымдардың немесе Тізбелерге енгізілген тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;

c) халықаралық үйым немесе шетел мемлекеті ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыладырудың айтартықтай қаупі бар деп анықтаған елде тіркелген/жүрген тұлға немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда бұндай тұлға қатысатын болса;

1.2. егер клиент жасайтын операцияларды зерттеу барысында, операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және жаппай қырып-жою қару-жарагын таратуды қаржыладыру мақсатында жүзеге асырылатындығы жөнінде құдік пайда болса;

2) Біржакты соттан тыс тәртіpte Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte және жағдайларда орындаудан бас тартуға, Шотты жабуға және Шарттың қолданылуын тоқтатуға, сондай-ақ:

a) Банк осы Шартта және/немесе Шот шартында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп пен негіз бойынша клиенттің банктік шотын жапқан кезде;

- b) осы Шартқа сәйкес берілген Клиенттің Шартты бұзу туралы өтініші бойынша және Банк пен төлем жүйесіне қатысушылар арасында бекітілген шарттарға, сонымен қатар Шот шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шартты бұзуға кедергі келтіретін міндеттемелердің болмауы шартында;
 - c) Шартты бұзған жағдайда және/немесе осы Шартта және/немесе Шот шартында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп пен негіз бойынша банктік шотты жапқан кезде осы Шарт бойынша шығарылған барлық Карточкаларды жойған кезде;
 - d) Тізбелерде Клиент туралы мәліметтің болуы;
 - e) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру айтарлықтай қаупі бар деп анықтаған тіркелген/елде жүрген тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда бұндай тұлға қатысатын болса;
 - f) егер клиент жүзеге асыратын операцияларды зерттеу барысында олардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қару-жағағын таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылатындығы жөнінде күдік пайда болса;
 - g) Клиент оған тиісті түрде тексеріс жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты бермегенде, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өндеуге және FATCA талаптарына сәйкес АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне беруге, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілдегі мемлекеттік органдары арқылы келісімін беруден бас тартқанда, Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес мұндан жабуға рұқсат етілмеген жағдайларды қоспағанда;
 - h) Клиенттің Шотында бір күнтізбелік жылдан астам ақша болмаған жағдайда;
 - i) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Шотында бір жылдан астам ақша қозғалысы болмаған жағдайда; Клиенттің Шотында бір жылдан астам ақша болмаған кезде, Банк көрсетілген мерзім өткеннен кейін Клиентті дербес хабардар етпестен Шотты жабады;
 - j) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шотқа орындалмаған талаптар болған кезде Шотты жабудан бас тартуга;
 - k) Банктің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауы мақсатында, Банк операцияларын жүргізу үшін Банкке ұсынылған кез келген түрдегі деректерді алу, тексеру/қайта тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тыбым салынбаған кез келген іс-әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруға;
 - l) егер Банк Банктің қызметін қозғайтын Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер заңнамасының, жария болып табылатын Банктің және корреспондент-банктің ішкі рәсімдері мен шарттарының талаптары бұзылады деп үйғарған жағдайда, сондай-ақ қолданысы Банкке және Клиентке (оның ішінде операция түрімен, Клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сондай-ақ осы елдерге немесе осы елдерден жүргізілетін төлемдермен байланысты, бірақ олармен шектелмей) қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда;
 - m) Банкке және оның клиенттеріне қатысты олардың мұдделеріне нұқсан келтіре отырып, құқыққа қарсы іс-әрекеттерді іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де жағдайларда.
- 3) Ұтыс ойынын жүргізу үшін, жарнамалық, ақпараттық сипаттағы науқанға Карточка ұстаушыны тарту. Осылан байланысты Карточканы ұстаушы Банкке немесе басқа үшінші тұлғаға ол туралы ақпаратты, тегін, атын, экесінің атын, ұтыс сомасының мөлшерін және жүлдесін көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында, жарнамалық, ақпараттық материалдарда жариялауга, сонымен қатар Банктің жарнамалық және ақпараттық қызметімен тікелей немесе жанама түрде байланысты басқа шараларды жүргізуге келісімін береді;
- 4) ХТЖ қағидаларына сәйкес даулы жағдайлар бойынша өтініштерді қарастырудан бас тартуга, Банктің эквайринг желісінде жүргізілген транзакцияларды қоспағанда;
- 5) Банк осы Шарт талаптары, Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің жария болып табылатын Банктің және корреспондент банктің қызметіне, ішкі рәсімдеріне және талаптарына қатысты заңнамасы бұзылған, бұзылуы мүмкін деп тұжырымдаған жағдайда, сонымен қатар кез келген елдің, халықаралық ұйымның күші Банкке және Клиентке қатысты болатын

юрисдикциясына сәйкес санкция болған жағдайда, Клиентпен жаңа қарым-қатынас орнатуға және ағымдағы іскерлік қатынастарды жалғастыруға, Клиенттің кез келген операцияларын жүргізуге және бұл Клиентке қатысты жүргізілетін операцияларға бір жақты және сottan тыс тәртіpte жол бермеуге;

6) клиент Premier-банкинг сегментінен шығарылған жағдайда, клиенттің «Premier» топтамасының карточкасын пайдалануды тоқтата тұру немесе тоқтатуға;

7) Клиенттен Банктің шот (шоттар) бойынша операцияларды жүргізуге, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен және терроризмді қаржыландырудан алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстату) қарсы әрекеті туралы заңнамасының талаптарын сақтауға, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өндөу үшін және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі - FATCA) талаптарына сәйкес, онымен қоса оларды Қазақстан Республикасының үәкілді мемлекеттік органды арқылы АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне беру үшін қажетті кез келген құжатты және кез келген ақпаратты сұратуға;

8) Банктік шоттағы ақша алаяқтық немесе басқа да заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылатындығы туралы күдік туындаға және клиентке, Банкке немесе оның басқа да клиенттеріне қатысты заңсыз әрекеттер жасалуы мүмкін басқа да жағдайларда Банк өз қалауы бойынша белгілі бір мерзімге клиенттің банктік шоты бойынша шығыс опрацияларды (барлығын немесе жеке түрлерін) тоқтатуға тұруға, ҚБКЖ-ға өттіді шектеуге (бұғаттауға) операцияларды да, сондай-ақ осы әрекеттерді және олардың салдарын болдырмауға, клиенттің, Банктің немесе оның басқа да клиенттерінің ықтимал шығындарын азайтуға бағытталған басқа да шектеулөр мен шараларды енгізуге құқылы;

9) Банк біржақты тәртіpte Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізуге құқылы, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге, біржақты тәртіpte, осындай өзгерістер күшінде енген күнгө дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын алдын ала Клиентке бұл туралы осындай өзгерістерді (оның ішінде жаңа редакцияны) Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің forte.kz ресми сайтында орналастыру арқылы хабарлайды, біржақты тәртіpte өзгеріс енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған жағдайлардан басқа.

Шартқа өзгерістердің/толықтырулардың енгізілуі туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса, осы тармақта бекітілген тәртіpte, осындай өзгерістер/толықтырулар өз күшіне енеді;

10) Клиенттің үнсіздік түрінде ерік білдіруі негізінде Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізуге, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, Клиентке осындай өзгерістер өз күшінде енген күнгө дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің forte.kz ресми сайтында орналастыру арқылы алдын ала хабарлап отыруға тиісті, себебі Қазақстан Республикасының заңнамасы бұл жағдайда біржақты тәртіpte өзгертуге тыйым салады.

Егер осы тармаққа сәйкес, Банк өзгерістердің/толықтырулардың енгізілуі туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Клиент Шартқа енгізілген өзгерістерді/толықтыруларды, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге қатысты, қабылдамаганы туралы жазбаша өтінішті ұсынбаса, Клиент бұл өзгерістермен/толықтырулармен келісті дегенді білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған басқа құқықтарын жүзеге асырады.

6.2. Клиент құқылы:

1) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулөрді ескере отырып, өз көзқарасы бойынша Шоттағы ақшага иелік етуге;

2) Банк пен төлем жүйесіне қатысушылар арасында бекітілген шарттарға, Шартқа, соның ішінде Шот шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Карточканы жабуға/Шартты бұзуға кедергі келтіретін жағдайлар болмауы талабында, Картаны жабатын/Шартты бұзатын болжалды күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банкке Карточканы жабу/Шартты бұзу туралы өтінішпен жүгінуге, ол қолына және/немесе клиент Өтінішінде көрсеткен мобильді телефон нөміріне жолданған банктік шотты жабуды/Шартты бұзуды растайтын бір реттік (бір жолғы) SMS коды (динамикалық сәйкестендіру) арқылы жүзеге асырылады.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған басқа құқықтарын жүзеге асырады.

6.3. Банк міндеттенеді:

- 1) Қызмет көрсетуші филиал Клиенттің жазбаша талап етуі бойынша немесе оның уәкілетті екіліне Шот бойынша (төлемдер және Карточкины қолдану арқылы орындалған басқа операциялар туралы) ай сайынғы үзінді көшірмені Клиентпен жазбаша келісім бойынша, ол филиалға келген кезде өз қолына беруге. Банк Клиенттен үзінді көшірме бойынша жазбаша шағымды бес жұмыс күні ішінде алмаса, көшірмede көрсетілген ақпарат дұрыс деп саналады.
- 2) Клиенттің Шот бойынша операция жүргізу туралы нұсқамасын алған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіpte және мерзімде орындау немесе негізді бас тартуға;
- 3) Клиент жүгінген жағдайда көрсетілетін төлем қызметі туралы ақпарат беруге.

6.4. Клиент міндетті:

- 1) Шарт бойынша төлемді онда белгіленген тәртіpte жүргізуге;
- 2) Карточкины қолдану кезінде төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыру және төлем құжаттарын ресімдеу, валюталық операцияларды жүргізу ережелерін және Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа талаптарды сақтауга;
- 3) Шартқа, Банк тарифтеріне енгізілетін өзгертулерге/толықтыруларға олармен Банк сайтында танысу арқылы мерзімді түрде мониторинг жасауға;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге шығар алдында Банк сайтындағы Карточкалар бойынша алаяқтық қаупінің деңгейі жоғары елдердің тізімімен танысуға, ҚБҚЖ арқылы Карточка бойынша лимитті алу/өзгерту қажет болған жағдайда Банкке телефон шалуға немесе жазбаша жүгінуге, ал ұзақ мерзімге шығар кезде Банкке қажетті мәліметтерді (елде болу мерзімі, баратын ел) және Банктің Клиентпен байланыста болуы үшін қажетті байланыс телефонын беруге;
- 5) Карточкалар бойынша алаяқтық қаупінің деңгейі жоғары елдерде болған соң Қазақстан Республикасына келген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Банк тарифтеріне сәйкес негізгі/қосымша карточкины бұғаттау және қайта шығару/жаңасына ауыстыру мақсатында Банкке жүгінуге. Аталған талапты орындаған жағдайда және осыған байланысты осы Карточка бойынша алаяқтық операциялар туындаған жағдайда, Банктің барлық шығынын Карточкины ұстаушы шартсыз тәртіpte, Банктің Карточкины ұстаушыға жолдаған жазбаша талабында көрсетілген мерзім ішінде өтейді.
- 6) Клиенттің шотына қателесіп ақша аударған жағдайда немесе карточка арқылы банкоматтан Карточка ұстаушы сұратқан және банкоматтың бакылау чегінде көрсетілген сомадан артық ақша қателесіп алғынған жағдайда (бұндай қате есептелудің/алудың себебіне қарамастан) Клиент ақшаны банктік шоттардан үзінді көшірмені алған күннен немесе Банк қате есептелген/алғынған ақшаны қайтару туралы хабарламаны жолдаған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде Банкке қайтаруға міндеттенеді;
- 7) Шотты Клиенттің кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметтің, жеке сот орындаушының және кәсіби медиатордың қызметтің жүзеге асыруымен байланысты операцияларды жүргізу үшін қолданбауға, сонымен қатар басқа тұлғалардан қылмыстық жолмен алғынған ақшаның Шотқа аударылуын болдырмауға;
- 8) жеке мәліметтері өзгерген жағдайда (тегі, аты, жеке басын куәландыратын құжат деректері, тіркелген және түрғылықты мекенжайы, телефон нөмірлері, электронды мекенжайы, Банкке бұрын берілген басқа жеке мәліметтері) бұндай өзгерістер болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, қалай болғанда да (өзгерістер болған сәттен бастап) бірінші операция жүргізгенте дейін Банкке тегі, аты, жеке басын куәландыратын құжат деректері, тіркелген және түрғылықты мекенжайы өзгергенгендігін растайтын құжаттарды ұсына отырып, жеке хабарласуға;
- 9) Банктің forte.kz сайтында орналастырылған тәртіpte және талаптарда Банктің мобильді интернет банкингінде тіркелуге, SMS хабарлама қызметтің алу үшін пайдаланылатын мобильді телефон нөмірі немесе электрондық пошта адресінің өзгергені туралы Банкке дереу хабарлауға;
- 10) төлем карточкасының деректемелерін, ДСН кодын, логинді, құпиясөзді, бір реттік (бір жолғы) кодты құпия сақтауға және үшінші тұлғаларға жариялануына жол бермеу. Олар үшінші тұлғаларға жарияланған жағдайда, соның ішінде клиенттің оларды құпия сақтау үшін жеткілікті шаралар қолданбауының кесірінен, клиент бұған байланысты барлық салдар мен тәуекелдерді өз бетінше көтереді.
- 11) Банкке банктік шот ашу, банктік шот бойынша операция жүргізу, өзінің банктік шотының күйі

туралы ақпарат алу үшін қажетті құжаттарды, сонымен қатар Банк валюталық бақылауды жүзеге асыруы үшін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алғынган кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл туралы заңының талаптарын сақтауы үшін, сонымен қатар Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өндөу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) сәйкес АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service), соның ішінде Қазақстан Республикасының үзкілдетті мемлекеттік органдары арқылы беру мақсатында сұрау салатын құжаттарды ұсынуға. Банктік шотты ашу кезінде Банкке ұсынылған ақпарат өзгерген жағдайда, FATCA талаптарына сәйкес (соның ішінде Клиент АҚШ азаматы және салық төлеушісі болып табылмайды, бір жыл ішінде АҚШ-қа бармаған, тұруға ықтиярхаты, АҚШ-та тіркелген пошталық адресі, телефон нөмірі болған жоқ, АҚШ-та тұратын жеке тұлғага операция жасау құқығын беретін сенімхат берген жоқ) Клиент Банкке өз бетінше хабарлауы тиіс;

12) саудадан бас тартқан жағдайда тауарды/қызметті сатушы тұлғадан Интернет желісінде жасалған және виртуалды карточкамен төленген сауда құнын қолма-қол ақшасыз тәртіпте, ақшаны шотқа аудару арқылы қайтаруын талап етуге (қолма-қол ақшамен қайтаруға болмайды);

13) егер Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта оған жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес Санкциялардың қолданылғаны/ықпалы туралы белгілі болса, бұл туралы Банкке дереу, бірақ бұл туралы білген немесе білу керек болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде хабарлауға міндетті. Санкция қолданылған/ықпал еткен жағдайда, сондай-ақ Клиент Банкке Санкцияның қолданылуы/ықпалы туралы хабардар ету міндеттін бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қарым-қатынасты тоқтатуға, Шартта көзделген тәртіппен кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға құқылы;

14) нұсқауларды жібермеуге немесе Санкцияларды айналып өтуге бағытталған операцияларды жүргізуеуге. Егер осы Шарт бойынша қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің қалауы бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін жағымсыз салдарсыз мұнданай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы.

Санкцияны айналып өту сонымен қатар, Санкцияны бұза отырып санкцияланған тауарларды жеткізу, төлемдерді жүргізу немесе қаржыландыруды алу үшін делдалдық құрылымдарды құру және т.б. білдіреді;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа міндеттемелерді орындауға.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Шарттың Тараптары Шарттың талаптарына сәйкес, ал реттелмеген жақтарында – Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жауапкершілікті көтереді.

7.2. Тараптар міндеттемелерін ішінәра немесе толық орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол Шартқа қосылған соң келесідей төтенше сипаттағы күтпеген және бұлтартпас жағдайлардың нәтижесінде болған еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болса: ресми түрде апattyқ деп танылған аудандарда еткен соғыс және соғыс әрекеттері, табиғи апат немесе басқа апаттар, Қазақстан Республикасының заң және немесе атқарушы билік органдарының, Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің тікелей Шарт мәніне қатысты қызметке тыбым салатын немесе шектеу қоятын әрекеттері, оның салдарынан Шарт бойынша міндеттемені уақытында орындау мүмкін болмайтын жағдайларда ҚБҚЖ-нің/басқа қашықтан кіру жүйелерінің жұмыс істемеуі, ақауы және жұмысындағы қателер, ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желісінің ақауы және Тараптардың бақылауынан тыс басқа да жағдайлар..

7.3. Шартпен бекітілген талаптарға сәйкес Банк Карточканың жоғалуы/ұрлануы туралы Клиенттен хабарламаны алғаннан кейін жүзеге асырылған санкцияланбаған төлеммен байланысты шығындарды Клиентке өтейді, Банктің комиссияларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген тәсілдермен Клиентке қайтару жолымен, санкцияланбаған карточкалық операциялардың сомасынан аспайтын Карточкалық операцияларды орындау үшін, Шартпен бекітілген жағдайлардан басқа.

7.4. Банкке әрекет ету мерзімі көрсетілмеген Карточканы пайдалану арқылы жүзеге асырылған төлем үшін жауапкершілік жүктеледі, егер осындай төлем әрекет ету мерзімінен бұрын немесе кейін асырылған болса.

7.5. Банк банктік құпияның ашылуы үшін жауапкершілікті көтереді, Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда.

7.6. Банк келесі үшін жауапты емес:

- 1) Банктің Шарт талаптарын орындауға бөгет болған үшінші тұлғалардың әрекеті және/немесе әрекетсіздігі, егер Банк өз тараپынан Шарт талаптарын орында үшін барлық қажетті шараларды қабылдаған болса;
- 2) үшінші тараپтың Карточкаға қызмет көрсетуден бас тартуы;
- 3) Карточканың көмегімен сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сапасы;
- 4) Клиенттің мұддесіне әсер ететін, үшінші тарараЯ бекіткен Карточка бойынша лимиттер, шектеулер және/немесе қосымша сыйақылар;
- 5) Клиент пен Қосымша карточка ұстаушысы арасындағы дауларды және келіспеушіліктерді реттеуүшін;
- 6) Карточка ұстаушының Банкке Карточканы бұғаттау талабымен уақытында келмеу салдары үшін;
- 7) Карточканы қолданумен қызметтерді алуға байланысты пайда болған «Интернет» электрондық желісіндегі техникалық ақаулар және басқа да салдары үшін;
- 8) осы Шарттың талаптарына сәйкес Шот бойынша операцияларды тоқтату нәтижесінде Клиентке келтірген шығындар үшін;
- 9) банкоматтарда және басқа да электрондық – механикалық құрылғыларда пайдалану нәтижесінде Карточкаға келтірген закымдар үшін;
- 10) жоғалған/ұрланған Карточканы бұғаттау себебінен Карточка ұстаушының нұсқауы бойынша Карточка деректемелерін әлемнің белгілі бір өніріндегі эквайер құрылғылары үшін жарамды тоқтатым-парагына енгізу немесе Карточка деректемелерін тоқтатым-парагына енгізбей жоғалған/ұрланған Карточканы санкцияланбаған пайдалану салдары үшін;;
- 11) Интернет, пошта және/немесе телефон тапсырыстары арқылы төлемді жүзеге асыру кезінде Карточканы (оның деректемелерін) санкцияланбаған пайдалану салдары үшін;
- 12) Банк Карточка (оның деректемелері) бойынша бекіткен лимитті Клиенттің алуы/өзгертуі салдарынан пайда болған Карточканы санкцияланбаған пайдалану салдары үшін, соның ішінде CVV2/CVC2-кодты, Verified by Visa / MasterCard Secure Code тексеруді жабу және магниттік жолақ бойынша операцияларды өткізуі ашу себебінен;
- 13) Клиенттің Банкке қонырау шалу арқылы немесе мобильді және интернет банкинг арқылы Банк бекіткен Карточкалық операцияларды өткізуге Карточка бойынша лимиттерді өздігінен өзгерту салдары үшін;
- 14) 3D Secure/SecureCode құпиясөзді дұрыс тергендігін раставумен ДСН кодын, CVV2/CVC2-кодын, Verified by Visa /MasterCard Secure Code пайдалану арқылы Банктің карточкалары бойынша рұқсат етілмеген операциялардың, соның ішінде жиі орындалатын төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша салдары үшін;
- 15) төлем карточкасының деректемелерін, логиндерді, құпиясөздерді және/немесе бір реттік (бір жолғы) SMS-кодты және Клиенттің басқа раставу құралдарын үшінші тұлғалардың санкциясыз қолдануы салдарынан келтірілген залал үшін, егер мұндай пайдалану Банктің кінәсінен емес болуы мүмкін болса;
- 16) Клиенттің Банктен тыс жердегі байланыс арналары арқылы жіберілген кезде олардың ақпаратқа қол жеткізуі нәтижесінде Клиенттің қызметтерді алу кезінде үшінші тұлғаларға электрондық банктік қызметтерді алуға байланысты ақпарат белгілі болған жағдайда.

7.7. Клиент келесі үшін жауапты:

- 1) Карточка ұстаушының Банкке Карточканы бұғаттау туралы талаппен уақытында келмеудің салдары үшін – Банкке келтірген шығынды толық көлемде өтеде;
- 2) Банк көрсеткен қызметтің құнын ескере отырып, санкцияланбаған Карточкалық операция сомасындағы рұқсат етілмеген карточкалық операция үшін, егер Карточка ұстаушының әрекеті және/немесе әрекетсіздігі рұқсат етілмеген Карточкалық операцияның жүргізілуіне әкеліп согатын болса;
- 3) Қосымша карточка ұстаушының Шарт талаптарын бұзыу;
- 4) Бұзылған ақша міндеттемесінің көлемінен мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,01 (жүзден бір) % мөлшерінде өсімақы түріндегі Шарт бойынша Банк алдындағы ақша міндеттемесін бұзыу, егер өзгесі Банктің Тарифтерімен анықталмаған болса.
- 5) Клиенттің Банкке қонырау шалу арқылы немесе мобильді және интернет банкинг арқылы Банк бекіткен Карточкалық операцияларды өткізуге Карточка бойынша лимиттерді өздігінен өзгерту салдары үшін;

- 6) Банк Карточка (оның деректемелері) бойынша бекіткен лимитті Клиенттің алыу/өзгертуі салдарынан пайда болған Карточканы санкцияланбаған пайдалану салдары үшін, соның ішінде CVV2/CVC2 кодын, Verified by Visa / MasterCard Secure Code тексеруді жабу және магниттік жолақ бойынша операцияларды өткізуі ашу себебінен;
- 7) ДСН (ПИН) кодын, CVV2/CVC2 кодын, Verified by Visa / MasterCard Secure Code, 3D Secure/SecureCode құпиясөзді дұрыс енгізуі растай отырып, Банктің Карточкалары бойынша рұқсат етілмеген операцияларды өткізу салдары үшін, соның ішінде жи орындалатын төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша.
- 8) ҚБҚЖ немесе басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы төлем карточкасының деректемелерін, логиндерді, құпиясөздерді және/немесе бір реттік (бір жолғы) кодты қолданумен шот бойынша жасалған барлық операциялар.
- 7.8. Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент шетелдік мемлекеттердің заңнамасымен және санкцияларымен бекітілген, әрекеті Клиентке және оның операцияларына таралатын кез келген мемлекеттің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес (соның ішінде, бірақ шектелмей, операция түрімен, Клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан еліне байланысты) туындауы мүмкін барлық тәуекелдер мен салдарын толық қабылдайды. Банк бұл тәуекелдер және салдары үшін жауапкершілікті көтермейді.
- 7.9. Шартты бір жақты бұзған жағдайда, Банк Шарттың болжалды тоқтатылған күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Клиентті бұл туралы тиісті жазбаша немесе SMS хабарламаны, және/немесе ҚБҚЖ-да Push-хабарламалар жолдау арқылы хабарлайды.
- 7.10. Банктің Клиентпен жаңа қатынастарды бекіту және іскерлік қатынастарды жалғастырудан, Клиентпен жеке іскерлік қатынастардан, Клиенттің кез келген операцияларды өткізуден және бұл Клиентке қатысты өткізілетін операциялардан бас тартуы, осы Шарттың ережелеріне сәйкес, Банктің азаматтық-құқықтық немесе басқа да жауапкершілігі үшін негіз болмайды, соның ішінде осындай бас тарту нәтижесінде пайда болған шығындар үшін.
- 7.11. Үшінші тұлғалардың ҚБҚЖ/басқа қашықтықтан қол жеткізу жүйелеріне рұқсатсыз етуінен туындаған Клиентке келтірілген зиян үшін жауапкершілік кінәлі тарапқа жүктеледі.

8. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

8.1. Шарт өз әрекетін Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіpte және жағдайларда тоқтатады, соның ішінде Клиенттің бастамасы бойынша оның жазбаша өтініші негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттың тоқтатылуына жол берілмейтін, Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер (олардың болуы шарттың тоқтатылуын қарастыратын жағдайлардан басқа) болмаған жағдайда.

9. БАСҚА ТАЛАПТАР

9.1. Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық дауларды және келіспеушіліктерді Тараптар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешеді. Шартпен байланысты және оған қатысты туындастын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте Қазақстан Республикасының соттарында шешіледі.

9.2. Шарт бойынша барлық ескертулер, хабарламаларды тиісті Тарап жіберді/қабылдады деп есептелінеді, егер жазбаша түрде қолына және/немесе пошта қызметі және/немесе факс және/немесе электронды пошта арқылы, Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша жолданса, бұл ретте, таңдалған байланыс арнасы хат алушының ескертулерді/хабарламаны алуын растайтын болса, егер өзгесі Шартта арнайы белгіленбесе.

9.3. Шартпен реттелмеген басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

9.4. Шарт әрқайсысының заңды күші тең мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында келіспеушіліктер болғанда, оларды реттеу үшін Шарттың орыс тіліндегі мәтіні қолданылады.

Банк:

"ForteBank" АҚ

Мекенжайы: Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1

БСК IRTYKZKA
БСН 990740000683

БeK – 14

Коршот: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-дегі KZ23125KZT1001300204

Телефоны +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, мобиЛЬДІ телефоннан 7575

**Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсете туралы
шартқа (жеке тұлғалармен)
1-қосымша**

ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ШАРТЫ БЕЛГІЛЕР

- 1. Карточканы жою** – Карточканы жарамсыз деп тану, оны айналымнан алып тастау және магниттік жолақтың/микропроцессордың тұтастығын міндепті түрде бұзып, түгін қоймай төрт белікке кесу;
- 2. Бонус** – клиент бонустарды төлеу талаптарына сәйкес, іс-әрекеттерді жүзеге асырган кезде (бұдан әрі - белсенділік), Банктің қаражаты есебінен клиентке берілетін шартты бірлік;
- 3. Виртуалды төлем** – Интернет, пошта-телефон тапсырыстары арқылы Карточка деректемелерін қолдана отырып, тауарлар мен қызметтер ақысын төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлем;
- 4. Виртуалды карточка** – электронды банк қызметін көрсете туалы келісімде қарастырылған тәсілмен Банктің төлем карточкасын ұстаушыға оның деректемелері туралы ақпаратты беру тәсілімен ҚБҚЖ арқылы электронды түрде шығарылған төлем карточкасы;
- 5. Үзінді қошірме** – Банк Клиентке/Қосымша карточка ұстаушысына Шоттағы ақша қалдығы және белгілі бір уақыт аралығы үшін жүргізілген операциялар туралы ақпараты, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да ақпараты бар құжат. Үзінді қошірме Карточканы пайдалана отырып, Шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті дәлел болып табылады;
- 6. Карточка ұстауши** – Шартқа сәйкес төлем карточкасын қолданушы жеке тұлға;
- 7. Қосымша карточка** – Клиентке немесе үшінші тұлғага негізгі Карточкаға қосымша Шотқа қол жеткізу құралы ретінде рәсімделген Банктің карточкасы;
- 8. Карточканы ауыстыру** – Банктің бұрынғының орнына жаңа Карточканы беруін қарастыратын операция;
- 9. Шектеулерді орнатуға өтініш** – Карточканы қолдана отырып, төлемдердің сомасынша шектеулерді орнату/өзгерту/жою үшін Банкке ұсынылатын, Банк бекіткен нысандағы Клиенттің өтініші;
- 10. Е-ДСН (ПИН)** – Клиент өзінің мобиЛЬДІ телефонына Банктен **келген бір реттік (бір жолғы)** SMS кодын раставудан кейін Банктің банкоматы арқылы өзінің Карточкасы бойынша ДСН (ПИН) кодын өз бетінше орнату технологиясы немесе IVR дыбысты мәзір арқылы ДСН кодын орнату;

- 11. Карточкалық опération** – төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, қолма-қол ақшаны алу, валюта айырбастау және карточканы қолдану арқылы жүргізілетін карточканы шығаруышы белгілеген және оның талаптарындағы басқа да операциялар;
- 12. Кредит лимиті** – Клиенттің Шоттағы өзінің қалдық ақшасынан артық Карточкалық опérationларды жүргізу үшін тиісті кредиттік келісім негізінде Банктің Клиентке ұсынатын банктік қарыз мөлшері;
- 13. Кодтық сөз** – Карточка ұстаушысын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін және құпия ақпарат болатын қосымша мәлімет;
- 14. Ақшаны пайдалану лимиті** – Банк бекіткен ақша сомасының максималды қолемі, белгілі бір уақыт аралығында Карточка ұстаушысына қол жетімді (ай, апта, тәулік және т.с.);
- 15. Дербестендірілмеген карточка** – Карточка ұстаушының сәйкестендіру деректері (тегі мен атын) көрсетілмейтін Банк шығаратын карточка, клиент Банкке карточканы алу үшін келген күні нөмір және әрекет ету мерзімін белгілеумен беріледі;
- 16. Халықаралық төлем жүйесі - ХТЖ** – осы төлем жүйесінің талаптарына сәйкес карточкаларды пайдалана отырып, төлемдердің жүргізуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттамалардың және үйымдастырушылық-техникалық ісшаралардың жиынтығы;
- 17. Мультивалюталық карточка** – әр түрлі валютада ашылған, шottарда орналасқан ақшада қол жеткізуге мүмкіндік беретін карточка (тенге, АҚШ доллары, Еуро, ресей рублі, фунт стерлингі);
- 18. Жүйелі төлемдер және (немесе) аударымдар** – олар бойынша бұрын карточка ұстаушы алғашқы төлем жасау, жүйелі есепten шығару талаптарымен келісіп, қол қою кезінде карточканың деректемелерін енгізген жүйелі түрде жүргізілетін төлемдер;
- 19. Техникалық овердрафт** – Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген банктік қарыз белгілеріне келмейтін, Клиенттің шоттағы қалдық ақшасынан артық жұмсалған ақша сомасы және олардың жұмсалуы айырбастау опérationын өткізу кезінде бағамдық айырмашылықты төлеу есебінен болуы мүмкін;
- 20. ДСН (ПИН) коды** – Карточка ұстаушыға ғана белгілі Жеке Сәйкестендіру Нөмірі (құпия коды), ол карточкалық опérationларды жүргізу кезінде карточка ұстаушыны сәйкестендіру үшін қызмет етеді;
- 21. ДСН (ПИН) конверті** – Карточка ұстаушыға карточкасын алу кезінде берілетін, ДСН (ПИН) коды жазылған қосымша парагы бар арнайы жапсырылған конверт;
- 22. Сауда және қызмет көрсету кәсіпорны – СҚҚ** – заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға немесе жеткізілетін тауарлар және/немесе жұмыстар және/немесе қызметтер бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін Карточканы қабылдайтын заңды тұлға;
- 23. Карточканың деректемелері** – Карточкадагы және/немесе онда сақталатын, ұстаушыны, Банкті және төлем жүйесін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат;
- 24. Банктің сайты** – Интернет желісіндегі Банктің www.forte.kz реесми сайты (домендік атауымен);
- 25. Қашықтан банк қызметін көрсету жүйесі - ҚБҚЖ** – ол арқылы Банк Пайдаланушыға электронды банк қызметтерін көрсететін, интернет және мобильді банкинг жүйесінен тұратын бағдарламалық кешен;
- 26. Тоқтатым-парап** – қолдануға рұқсат етілмеген және қызмет көрсетуде ұсыну кезінде алынуға тиісті карточкалардың деректемелер тізімі, эмитенттердің жазбаша өтініштері негізінде төлем жүйесінде қалыптастырылады;
- 27. Банк тарифтері** – Банктің сайтында орналасқан, Банк көрсететін қызметтері үшін Клиенттің Банкке төлейтін сыйакы мөлшері;
- 28. Cashback** – Банктің қызметі, оған сәйкес Банктің ішкі құжаттарында бекітілген талаптарда және қолемі шегінде Карточка бойынша қолма-қол ақшасыз төлем сомасының бір бөлігін Клиентке қайтарады, 2-қосымшаға сәйкес опérationларды қоспағанда;
- 29. CVV2 коды немесе CVC2 коды («CVV2» – «Card Verification Value 2», «CVC2» – «Card Validation Code 2» ағылшын сөз тіркесінің қыскартылуы)** – Карточканың артық бетінде көрсетілген және Интернет желісінде Карточкалық опérationларды жүзеге асыру кезінде карточка ұстаушысын сәйкестендіруге арналған үш мәнді сәйкестендіру коды (CVV2 коды – VISA карточкалары бойынша, CVC2 коды – MasterCard карточкалары бойынша);

- 30. IVR (ағыл. Interactive Voice Response)** — клиент тоналды тери арқылы телефон пернесінде енгізген ақпаратты қолдана отырып Банк ішінде қонырауларды бағыттау қызметін атқаратын алдын ала жазылған дыбыстық хабарламалар жүйесі;
- 31. Push-хабарлама** — Банктің мобиЛЬДІ интернет банкингіндегі карточкалық операция немесе ақпараттық-жарнамалық сипаттағы әріптік-цифрлық мәтіні бар хабарлама;
- 32. SMS-хабарлама** — мобиЛЬДІК байланыс арқылы Банктің Клиентке/Қосымша карточка ұстаушысына немесе Клиенттің/Қосымша карточка ұстаушысының Банкке мобиЛЬДІ байланыс операторы арқылы жіберілетін, бекітілген нысандағы мәтіндік хабарлама;
- 33. 3D Secure/SecureCode құпиясөзі** — төлем карточкалары үшін жоғары қауіпсіздік деңгейі ретінде қолданылатын, интернет желісіндегі карточкалық операцияларды өткізу кезінде Карточка ұстаушысын сәйкестендіру үшін қызмет ететін құпия сөз. 3-D Secure технологиясы тек карточка ұстаушысына ғана мәлім қосымша құпия сөздің көмегімен интернет төлемдерді өткізу кезінде Карточка иесін сәйкестендіруге мүмкіндік береді;
- 34. Verified by Visa / MasterCard Secure Code** — интернет желісінде карточка ұстаушылары жүргізетін карточкалық операциялардың қорғалуын қамтамасыз ететін аутентификация технологиясы.

**Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы
шартқа (жеке тұлғалармен)
2-қосымша**

Cashback/бонустар қызметін ұсыну талаптары

Тауарларға/қызметтерге Карточкамен қолма-қол ақшасыз төлем жасау, белсенділікті жүзеге асыру кезінде, соның ішінде Интернет арқылы, Банк клиентінің Шотына Cashback қайтарады және/немесе бонус береді, келесі операцияларды қоспағанда:

- Банктің қызметтеріне ақы төлеу;
- казино және тотализатордағы операциялар бойынша;
- лотерея билеттері және облигацияларды сатып алушмен байланысты операциялар бойынша;
- нәтижесінде ақша қайтарымы болған операциялар бойынша;
- Карточкадан Банкте немесе басқа банктерде ашылған шоттарына ақша аударумен байланысты барлық операциялар бойынша;
- электрондық эмияндарды толықтырумен, байланыс операторының қызметін төлеумен байланысты операциялар бойынша;
- тауар/қызмет жеткізушілерінің пайдасына банкоматтар, ҚБҚЖ, байланыс операторының интернет ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз төлем;
- коммуналдық қызметтер (электрлік, газ, су), мемлекеттік қызметтер, мемлекеттік пошта қызметтері, салық төлемдері, сот шығындары, алимент, айыппұлдар, кепіл және төлем міндеттемелері үшін, жолаушылар тасымалы, автобустық бағыттар, ақылы жолдар үшін ақы бойынша.

Мультивалюталық карточка бойынша Cashback Карточкалық операция жүргізілген валютада тиісті Шотқа есептелінеді. Егер Карточкалық операцияның түпнұсқалық валютасы теңге/АҚШ доллары/Евро/рубль/фунт стерлингі болмаса, Cashback АҚШ долларында есептелінеді.

Клиент тауарды қайтарған/нәтижесінде ақша қайтарымы болған қызметтен бас тартқан жағдайда Банк бұрын есептеген Cashback және/немесе бонустар сомасы клиенттің Банкте ашылған ағымдағы немесе басқа банктік шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген тәсілдер арқылы алынады.

Банктің Cashback немесе бонустар төлеу талаптары белгілі бір сомаға қолма-қол ақшасыз операциялар жүргізу және/немесе клиенттің оған Cashback немесе бонустар төленуі үшін ерік білдіруін (өзге формальдылықтар) көрсету қажеттілігін және/немесе Банк белгілеген өзге талаптардың орындалуын қарастыруы мүмкін, олар басталғанда Банк төлем жасауы тиіс, олар

басталғанға дейін (басталусыз) Банкте мұндай төлемді төлеу міндеттемелері туындағайды және Банк тиісінше мұндай төлемді төлемейді.

Егер клиент Cashback және/немесе бонустар сомасын төлеуге ерік білдірмесе (өзге формальдылықтар) және/немесе жинақталған Cashback және/немесе бонустарды пайдалану үшін Банк белгілеген талаптарды орындаса, клиент барлық төлем карталарын жапқан кезде жинақталған Cashback және/немесе бонустар сомасы төленбейді.

Банк келесі жағдайларда клиентке алдын ала ескертусіз есептеуді және/немесе Cashback және/немесе бонустар төлемін тоқтата тұруға, шектеуге, сондай-ақ біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы:

- Банкте клиенттің қызметті кәсіпкерлік қызметті жүргізу мақсатында пайдалануын санауға негіз болған жағдайда;
- Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе Клиент шарт шеңберінде қабылданған міндеттемелерді бұзған жағдайда, оның ішінде Шарт бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда;
- егер клиент алайқтық әрекеттер жасаса және/немесе Cashback және/немесе бонустар төлем шарттары шеңберінде клиентке берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе көтермелулерді теріс пайдаланса және/немесе серіктестерге жаңылыстыратын немесе дұрыс емес мәліметтер беретін ақпарат берсе;
- басқа жағдайларда Банктің қалауы бойынша.

Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартқа (жеке тұлғалармен) 3-қосымша

Дербестендірілмеген карточканы шығару және қызмет көрсету ерекшеліктері

Дербестендірілмеген карточканың ерекшелігі – пластикте Карточка ұстаушының тегі және аты көрсетілмейді, алайда ол туралы мәлімет Банктің ішкі жүйесіне енгізіледі, бұл дербестендірілмеген карточканың нөмірі бойынша Карточка ұстаушысын сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Дербестендірілмеген карточкада Карточканың әрекет ету мерзімі, нөмірі, Банктің және ХТЖ логотипі көрсетіледі, оған қоса дербестендірілмеген карточканың сәйкестендіргіші көрсетілуі мүмкін.

Дербестендірілмеген карточка Клиент карточканы шығару туралы өтінішті Банкке берген мерзімге дейін Банк шығарады, яғни Клиент Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған барлық қажетті құжатты ұсынғаннан кейін Банкке алғаш келген уақытында толық функционалды төлем карточкасын алады.

Кезекті және/немесе мерзімінен бұрын қайта шығару қажеттілігі жағдайында дербестендірілмеген карточка Банктің тарифтеріне сәйкес жаңа дербестендірілмеген карточка немесе дербестендірілген карточка болып қайта шығарылады, яғни беткі жағында тегі және аты көрсетіледі

Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартқа (жеке тұлғалармен) 4-қосымша

Мультивалюталық карточканың және операциялардың откізілу ерекшеліктері

Мультивалюталық карточканың ерекшелігі – бір карточкаға түрлі валютада бірнеше шотты бір уақытта ашу мүмкіндігі. Мультивалюталық карточка бойынша мүмкін валюталардың тізбесін Банк өздігінен анықтайды, бұл ретте шоттар келесі валюталарда ашылуы мүмкін: теңге, АҚШ доллары, Евро, ресейлік рублі (бұдан әрі - рубльдер), фунт стерлинг. Шоттарды ашу, жүргізу және жабу Қазақстан Республикасының заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының және Шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мультивалюталық карточка бойынша карточкалық операцияны жүргізу кезінде операция сомасы Мультивалюталық карточкаға байланған шоттардан келесі тәртіпте есептен шығарылады (валюта тізбесіне және мультивалюталық карточка бойынша ашылған шоттарға байланысты):

1) егер операция валютасы теңге болса, есептен шыгару теңгедегі шотынан жүргізіледі, теңгедегі шотта ақша жеткіліксіз болса, ақша АҚШ долларында ашылған Шоттан есептен шығарылады, ал АҚШ долларында ашылған шотта ақша жетіспеген жағдайда, жетіспеген сома Еуродагы шотынан есептен шығарылады, Еурода ашылған шотта ақша жеткіліксіз болса, рубльде ашылған шоттан есептен шығарылады, рубльде ашылған шотта ақша жеткіліксіз болса, фунт стерлингте ашылған шоттан есептен шығарылады;

2) егер операция валютасы АҚШ доллары болса, есептен шыгару АҚШ долларында ашылған шоттан жүргізіледі, АҚШ долларында ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, ақша теңгеде ашылған шоттан есептен шығарылады, ал теңгеде ашылған шотта ақша жетіспеген жағдайда, жетіспеген сома Еурода ашылған шоттан есептен шығарылады, Еурода ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, рубльде ашылған шоттан есептен шығарылады, рубльде ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, фунт стерлингте ашылған шоттан есептен шығарылады;

3) егер операция валютасы Еуро болса, есептен шыгару Еурода ашылған Шоттан жүргізіледі, Еурода ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, ақша теңгеде ашылған шоттан есептен шығарылады, ал теңгеде ашылған шотта ақша жетіспеген жағдайда, жетіспеген сома АҚШ долларында ашылған Шоттан есептен шығарылады, АҚШ долларында ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, рубльде ашылған шоттан есептен шығарылады, рубльде ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, фунт стерлингте ашылған шоттан есептен шығарылады;

4) егер операция валютасы рубль болса, клиенттің рубльде ашылған шоты бар болса, есептен шыгару рубльде ашылған шоттан жүргізіледі, рубльде ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, ақша теңгеде ашылған шоттан есептен шығарылады, ал теңгеде ашылған шотта ақша жетіспеген жағдайда, жетіспеген сома АҚШ долларында ашылған шоттан есептен шығарылады, АҚШ долларында ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Еурода ашылған шоттан есептен шығарылады, Еурода ашылған Шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, фунт стерлингте ашылған Шоттан есептен шығарылады;

5) егер операция валютасы фунт стерлинг болса, есептен шыгару фунт стерлингте ашылған шоттан жүргізіледі, фунт стерлингте ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, ақша теңгеде ашылған шоттан есептен шығарылады, ал теңгеде ашылған шотта ақша жетіспеген жағдайда, жетіспеген сома АҚШ долларында ашылған шоттан есептен шығарылады, АҚШ долларында ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Еурода ашылған шоттан есептен шығарылады, Еурода ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, рубльде ашылған шоттан есептен шығарылады, егер рубльде ашылған шот болса;

6) егер операция валютасы теңге, АҚШ доллары, Еуро, рубль, фунт стерлинг болмаса, есептен шыгару АҚШ долларында ашылған шоттан жүргізіледі, АҚШ долларында ашылған Шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, ақша теңгеде ашылған шоттан есептен шығарылады, ал теңгеде ашылған шотта ақша жетіспеген жағдайда, жетіспеген сома Еурода ашылған шоттан есептен шығарылады, Еурода ашылған шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, рубльде ашылған Шоттан есептен шығарылады, рубльде ашылған Шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, фунт стерлингте ашылған Шоттан есептен шығарылады.

Шоттарда ақша сомасы жетпеген жағдайда карточкалық операция қабылданбайды. Авторизациясы жоқ қаржылық құжатты өндеу кезінде мультивалюталық карточканың шоттарында ақша сомасы қаржылық құжатты орындау үшін жеткіліксіз болса, жетіспейтін сома қаржылық құжаттың валютасында техникалық овердрафтты қалыптастыру арқылы есептен шығарылады (теңге, АҚШ доллары, Еуро, рубль, фунт стерлинг).

Мультивалюталық карточка бойынша техникалық овердрафт пайда болған жағдайда, техникалық овердрафт өтелген мерзімге дейін оның берешегін ақцептісіз тәртіпте күн сайын Банктегі барлық шоттардан есептен шығарылады. Бұл жағдайда, жіберілген техникалық овердрафтты өтеу келесі кезекте жүргізіледі: алдымен техникалық овердрафт орын алған шоттан жіберілген техникалық овердрафт есептен шығарылады, шотта ақша жеткіліксіз болғанда, есептен шыгару теңгедегі шотынан жүргізіледі, теңгедегі шотта ақша жеткіліксіз болса, ақша АҚШ долларында ашылған шоттан есептен шығарылады, ал АҚШ долларында ашылған шотта ақша жетіспеген жағдайда, жетіспеген сома Еуродагы шотынан есептен шығарылады, Еурода ашылған шотта ақша

жеткіліксіз болса, рубльде ашылған шоттан есептен шығарылады, рубльде ашылған шотта ақша жеткіліксіз болса, фунт стерлингте ашылған шоттан есептен шығарылады. Бұл ретте, жіберілген техникалық овердрафтты өтеу кезінде багам айырмашылығына байланысты шығын үшін жауапкершілікті клиент өздігінен көтереді. Банк желісінде мультивалюталық карточканы қолма-қол ақшамен толықтыру келесі валюталарда ғана мүмкін: теңге, АҚШ доллары, Еуро, рубль. Банк желісінде Мультивалюталық карточканы фунт стерлингте толықтыру АҚШ доллары, Еуро, рубльде ашылған кез келген шоттан ҚБҚЖ-да айырбастау жүргізу арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен ғана мүмкін.

Клиент карточкалық операция валютада: АҚШ доллары/Еуро/рубль/фунт стерлинг және т.б. жасалған мультивалюталық карточка арқылы сатып алынған тауардан, жұмыстардан немесе қызметтерден бас тартқан жағдайда, ақшаны қайтару карточкалық операцияны жүргізу валютасына қарамастан теңгемен ашылған шотқа жүзеге асырылады.

Банк желісінде мультивалюталық карточқадан қолма-қол ақша алу келесі валюталарда ғана мүмкін: теңге, АҚШ доллары, Еуро, рубль. Банк желісінде фунт стерлингте шығыс операцияларын қолма-қол ақшасыз тәсілмен ғана жүзеге асыруға болады.

Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартқа (жеке тұлғалармен) 5-қосымша

ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы карточкаларды (дебеттік) шығару ерекшеліктері

1. Төлем карточкасын шығару және төлем карточкасын қолданумен клиент ҚБҚЖ-да өзі бастамашылық жасап банк шотын ашу Банк пен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен клиенттің динамикалық сәйкестендірудің және аутентификациядан өту жағдайында жүзеге асырылады.

Банк қызметтің көрсету туралы шарт электронды түрде жасалады және клиенттің ҚБҚЖ-да тіркелу кезінде көрсеткен мобилді телефон нөміріне жіберілген sms-хабарлама арқылы алынған растау кодын енгізу арқылы расталады.

2. Клиент ҚБҚЖ-да банк шотын ашу және карточка шығаруға онлайн өтінім бере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған клиентті аутентификациялау және сәйкестендіру және мәміле жасау тәсілдері арқылы карточка шығаруға өзі бастама жасай алады.

3. ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы шот ашу және картаны шығару Банк белгілеген тәртіpte, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

4. Клиент Өтінішті ҚБҚЖ/басқа қашықтықтан кіру жүйелері арқылы толтыру және жіберу кезінде Шартқа, сондай-ақ тараپтар арасындағы қатынастарды және Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған банктік қызметтерді ұсыну тәртібін реттейтін басқа құжаттарға тұтастай және толығымен қосылады.

5. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, биометриялық сәйкестендіру құралдарын қолдана отырып, Клиентті сәйкестендіруге құқылы.

6. Клиенттің Банкке электронды түрде ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы жіберген нұсқаулары/құжаттары, Клиенттің аутентификациясы мен сәйкестендіруінің оң нәтижелерінен кейін Клиенттің атынан жіберілген болып саналады және Клиенттің өз қолымен қол қойған қағаз құжаттарымен тең болып танылады.

7. ҚТҚЖ-дағы электронды банктік қызметтер Клиентке онымен ҚБҚЖ-да электронды түрде жасалған электрондық банктік қызметтерді ұсыну туралы шарт негізінде ұсынылады.

8. Банк ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы электрондық банктік қызметтерді ұсынған кезде Банкте хабарламаларды/құжаттарды жіберу және/немесе қабылдау туралы растама қалады, оның негізінде Клиентке шот ашу және карточка шығару қызметі ұсынылады. Банктің Клиентке электрондық банктік қызметтерді ұсынуы электрондық құжатты алғандығы туралы растау болып саналады.

9. Электрондық құжаттар олар жасалған, жіберілген немесе алынған форматта, олардың тұтастығы мен өзгермейтіндігі талабына сәйкес сақталады және электрондық құжаттың мазмұнын сақтау мақсатында қағазға басып шығаруды немесе басқа түрде көрсетуді қажет етпейді.
10. Банк жүйеге кіруді тоқтатуы мүмкін және электрондық банктік қызметтерді көрсетуге кедергі келтіруі мүмкін ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелерінде жүргізіліп жатқан техникалық жұмыстар туралы forte.kz сайтында жұмыстардың аяқталатын күнін көрсете отырып, ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы Клиенттерге хабарлайды.
11. ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы электрондық банктік қызметтерді ұсынудың ең ұзақ мерзімдері Клиенттің Клиенттің дұрыс сәйкестендіру үшін қажетті барлық рәсімдерден өтуіне байланысты.
12. Егер даулы жағдай туындаса, Клиент мекенжайын, телефон нөмірін, шағымның мазмұнын және басқа мәліметтерді көрсете отырып, 8 8000 800 819 телефоны арқылы Банктің байланыс орталығына қонырау шалуға құқылы (Қазақстан бойынша қалалық телефондардан қонырау шалу тегін) немесе 7575 (Қазақстан бойынша мобиЛЬДІ телефондардан қонырау шалу тегін) (ауызша өтініш) немесе Шартта көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша түрде шағым/хабарлама/өтініш жолдай алады. Банк Клиенттің өтінішін осындай өтініш тіркеլген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартқа (жеке тұлғалармен) 6-қосымша

Виртуалды карточканы шығару және қызмет көрсету ерекшеліктері

Виртуалды карточка Банкте банктік шоты бар Пайдаланушыға Банктің төлем карточкасын ұстаушыға оның деректемелері туралы ақпаратты беруі арқылы нақты тасымалдаушысыз ҚБҚЖ/өзге қашықтан кіру жүйелері арқылы электронды түрде шығарылады. Виртуалды карточканың деректемелері ҚБҚЖ экранында көрсетіледі. Виртуалды карточка белсенді түрде шығарылады және сәйкесінше іске қосуды қажет етпейді.

Виртуалды карточканың деректемелерінде келесі деректер көрсетіледі:

- 1) виртуалды карточканың нөмірі;
- 2) виртуалды карточканың қолданылу мерзімі, CVV2/CVC2 код (клиент қараган кезде).

Виртуалды карточканың қолданылу мерзімі шығарылған сәттен бастап 5 (бес) жыл.

Виртуалды карточка жеке банктік шот аша отырып, негізгі карточка ретінде шығарылады.

Виртуалды карточкаға қосымша карточка шығарылмайды.

Виртуалды карточка арқылы операциялар:

- Банктің мобиЛЬДІ қосымшасында
- интернет сайттарында жүргізіледі.

Осы тармақта қарастырылмаған, соның ішінде карточканы көрсетуді талап ететін операцияларды орындауга, сонымен қатар банкоматтарда/Банк кассаларында қолма-қол ақша алуға болмайды.

Виртуалды карточка келесі тәсілдермен толықтырылады:

- 1) Карточкадан карточкаға ақша аудару жолымен;
- 2) Банктің Cash-in құрылғысы арқылы.

Операция орындау үшін Пайдаланушы:

- 1) виртуалды карточкаға ақша аудару;
- 2) таңдалған сайтта сауда жасау кезінде виртуалды карточканың нөмірін, CVV2/CVC2 кодын және виртуалды карточканың қолданылу мерзімін көрсету;
- 3) виртуалды карточкадан есептен шығарылатын соманы көрсетуі қажет және 3D Secure енгізген соң (сайтта 3D secure технологиясы қолданылатын жағдайда) сауда ақысы төленген болып есептеледі.

Банк виртуалды карточканы шығарады және қызмет көрсетеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банк пен төлем жүйесі қатысушылары арасында бекітілген шарттарда, Келісімде, Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартта (жеке тұлғамен) қарастырылған тәртіpte бантік шот ашады.

Тауарлар/қызметтер ақысын төлеу үшін виртуалды карточка қолданылған жағдайда Клиент пен тауарларды/қызметтерді сатушы тұлға/ұйым арасындағы тауарлардың/қызметтердің сапасына, санына және ұсыну мерзіміне қатысты келіспеушіліктер үшін Банк жауапты емес.

**Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы
шартқа (жеке тұлғалармен)
№7 қосымша**

**«Жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерге арналған ForteCard»
шығару және қызмет көрсету ерекшеліктері**

1. «Жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерге арналған ForteCard» төлем карточкасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Азаматтарға арналған үкімет» МК KEAK), уәкілетті органдар мен ұйымдар арқылы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер алғын жеке тұлғаларға арналған.
2. «Жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерге арналған ForteCard» төлем карточкасы арнайы банктік шот ашумен негізгі карточка ретінде шығарылады. Бір клиентке бір төлем карточкасы (одан көп емес) шығарылады.
3. Банк банктің арнайы шоты болып табылмайтын Клиенттің ағымдағы шотына әлеуметтік төлемдер түрінде ақша түскен жағдайда, Банк өзі «Жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдер үшін ForteCard» төлем карточкасын шығара алады және арнайы банктік шот ашады.
- 3-тармақ Қазақстан Республикасында covid-19 таралуына байланысты карантин және/немесе басқа шектеулер кезеңінде және соған байланысты төленетін әлеуметтік төлемдер үшін жарамды.
4. «Жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерге арналған ForteCard» қосымша төлем карточкасы шығарылмайды.
5. «Жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерге арналған ForteCard» төлем карточкасы арқылы келесі операцияларды жүргізуге болмайды:
 - 5.1. басқа Банктер желісінен (банкоматтар, кассалар) қолма-қол ақша алу;
 - 5.2. басқа Банктердің төлем карточкаларына ақша аудару операциялары;
 - 5.3. мобильді қосымша арқылы төлем карточкасынан телефон нөмірінде ақша аудару;
 - 5.4. Банктің Cash-in құрылғысы арқылы төлем карточкасын толтыру;
 - 5.5. Төлем карточкасына кез келген ақша аударымын жасауға тыйым салынады, мыналардан басқа:
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte «Азаматтарға арналған үкімет» МК KEAK-дан, жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар мен ұйымдардан клиенттің пайдастына түсетін ақша;
 - клиенттің атына Банкте ашылған арнайы ағымдағы шоттан ақша аударымы.

6. Клиент Банк бөлімшесінде «Жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерге арналған ForteCard» төлем карточкасын шығару кезінде екі нұсқаңың бірін таңдай алады: төлем карточкасын электронды түрде шығару немесе төлем карточкасын қолға беретін нысанда шығару:

1) Клиент төлем карточкасын электронды түрде шығаруды таңдаған жағдайда, төлем карточкасы оны клиенттің қолына берусіз, ҚБҚЖ-да шот деректемелері туралы ақпаратты көрсетумен шығарылады.

Төлем карточкасының деректемелерінде келесі деректер көрсетіледі:

- a) төлем карточкасының нөмірі;
- б) төлем карточкасының қолданылу мерзімі;
- в) CVV2/CVC2 коды (клиент қараған кезде).

2) Клиент төлем карточкасын қолға беретін нысанда шығаруды таңдаған жағдайда, төлем карточкасы клиенттің қолына берілетін түрде шығарылады.

7. «Жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдер үшін ForteCard» төлем карточкасын ҚБҚЖ/басқа қашықтан кіру жүйелері арқылы шығарған жағдайда, клиентке төлем карточкасы қолына берілетінді.

**Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы
шартқа (жеке тұлғалармен)
№8 қосымша**

**Ұялы телефон нөмірін клиенттің төлем карточкасының нөміріне байланыстыру және
клиенттің/бенефициардың ұялы телефон нөмірі бойынша ақша аударымдарын жіберу/алу
бойынша қызметті ұсыну шарттары**

Осы шарттар Халықаралық Төлем жүйесі (бұдан әрі – Сервис) ұсынған Alias Directory Service сервисінің көмегімен деректемелер ретінде клиенттің/бенефициардың ұялы телефон нөмірін пайдалана отырып ақша аударымдарын жіберу/алу мақсатында клиенттің төлем карточкасының нөміріне ұялы телефон нөмірін байланыстыру (бұдан әрі – Байланыстыру) тәртібін белгілейді. Клиент шартқа қол қою арқылы осы талаптарды қабылдайды және келіседі.

Төлем карточкасының нөмірін клиенттің ұялы телефон нөмірімен байланыстыру

Клиент төлем карточкасын Клиент өтініште ұялы телефон нөмірін көрсету арқылы шығарған кезде Банк Байланыстыруды жүзеге асыратынына келіседі, қолданыстағы клиенттерге қатысты Байланыстыру банктегі сервисті іске қосу шенберінде бұрын Банкке ұсынылған ұялы телефон нөмірі бойынша жүзеге асырылады. Клиент бір төлем карточкасын және ұялы телефонның бір нөмірін пайдалана отырып, тек бір байланыстыруды жасай алады. Сол ұялы телефон нөмірін, соның ішінде басқа банктегі қолдана отырып, жаңа байланыстыру жасағанда, алдыңғы байланыстыру алынып тасталады.

Бенефициардың/акша жөнелтушінің банкі де сервисті пайдаланған жағдайда Клиент ақша аударымын жөнелту немесе алу үшін сервисті (Байланыстыруды) пайдалана алады.

Байланыстыруды алып тастау, ұялы телефон нөмірін ауыстыру және сервисті пайдалану үшін қайта байланыстыруды жүзеге асыру клиенттің Банкке жазбаша немесе электрондық тәсілмен жіберілген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Клиент мобильді интернет-банкингті пайдаланған жағдайда:

- байланыстыруды алып тастау Банктің мобильді интернет-банкингінде мүмкін;
- ұялы телефон нөмірін ауыстыру Клиенттің мобильді интернет-банкингте қайта тіркеуден өтүін, сондай-ақ онда ұялы телефонның жаңа нөмірін өз бетінше байланыстыруды талап етеді.

Жауапкершілік

1. Сервистің жұмыс істеуіне халықаралық төлем жүйесі (бұдан әрі – ХТЖ) жауапты болады.
2. Банк сервисті пайдаланудагы ықтимал проблемалар немесе клиент және/немесе бенефициар үшін сервисті пайдалану мүмкіндігінің болмауы үшін жауапты болмайды.

3. Банк Клиентке алдын ала хабарламай, егер Клиент шарттың талаптарын бұзған жағдайда, сондай-ақ Банктің қалауы бойынша өзге жағдайларда сервисті ақша аударымдарын жасау үшін пайдалануды тоқтаты құқылы.
4. Банк бенефициар тарапынан байланыстырудын/дұрыс байланыстырудың болмаганы үшін жауап бермейді, Клиент Аударымды жүзеге асырғанға дейін дербес осындай байланыстыруда күэландырылады.
5. Банк Сервисті пайдалана отырып, ақша аударымын жасау мүмкіндігінің болмауы салдарынан Клиенттің шеккен шығындары үшін жауап бермейді.
6. Банк мобильді құрылғыны пайдалануға байланысты қызметтер үшін үшінші тұлғалар, соның ішінде ұялы байланыс операторлары алатын комиссиялар үшін жауап бермейді.
7. Банк, сондай-ақ ХТЖ өз қалауы бойынша ақша аударымдарын жасауға лимиттер (бір жолғы/тәуліктік/айлық лимит) белгілей алады.
8. Клиент Банктің сервисті пайдалануды тоқтату, күшін жою, ұялы телефон нөмірінің өзгеруі туралы банкке уақтылы хабарлауы тиіс, әйтпесе Банк Клиенттің ықтимал залалы немесе өзге де жағымсыз салдарлары үшін жауап бермейді.

Сервис қауіпсіздігі

ХТЖ жіберген және/немесе ол сақтаған немесе Сервисті пайдалануға байланысты басқа үшінші тұлғаларға жіберілген ақпараттың қауіпсіздігі банктің бақылауынан тыс болады.

Банк ХТЖ Сервисті пайдалануға байланысты жиналған, сақталған немесе жіберілген кез келген ақпаратқа әсер ететін қауіпсіздік ережелерін бұзған кезде жауапты болмайды.

Ақпаратты жинау, пайдалану және беру

Клиент Банктің клиент туралы ақпаратты, оның ішінде Клиенттің жеке деректерін жинауга, сақтауға, пайдалануға және беруге құқылы екендігімен келіседі:

- Банкте сервисті іске қосу;
- Клиенттің сервисті пайдалана отырып ақша аударымдарын жіберу/алу;
- Сервисті пайдалана отырып жасалған клиенттің операциялары туралы ақпарат беру;
- ХТЖ-ның Сервис сапасын жақсартуға жәрдемдесу.

Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартқа (жеке тұлғамен) 9-қосымша

«Forte балалар картасы» төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету ерекшеліктері

1. «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасы 6 жастан бастап 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жеке тұлғалардың өз жасына сай ұсақ тұрмыстық мәмілелерді жасауына арналған.
2. «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасы кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілінің атына ашылған банктік шотқа, яғни заңды өкілінің кәмелетке толмаған тұлғага төлем карточкасын шығаруға өтінімді берген сәтінде шығарылады.
3. «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасын Банк шығарған қолданыстағы төлем карточкасы бар кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі - қазіргі клиенті қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып ҚБҚЖ арқылы немесе Банктің бөлімшесіне жүргіну арқылы рәсімдей алады. Төлем карточкасын Банктің бөлімшесінде ресімдеген кезде кәмелетке толмаған тұлғаның бұған қатысуы міндетті емес.
4. Кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі – клиент өтінішке кол қоя отырып, Банктің «Туыстық байланыс» мемлекеттік дерекқордан (МДК) немесе басқа да МДК-дан туыстық қатынасты анықтау мақсатында клиент туралы немесе кәмелетке толмаған тұлға (төлем карточкасы шығарылатын тұлға) туралы ақпаратты алуына өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді.
5. Банк кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі – клиенттің өтінішін қабылдағаннан кейін өтініште көрсетілген кәмелетке толмаған тұлғаның мобильді телефон нөміріне «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасын шығаруды раставу үшін SMS-код жіберіледі.

6. «**Forte балалар картасы**» қосымша төлем карточкаларын шығару қарастырылмаған.
7. Кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі – клиент «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасын ҚБҚЖ арқылы ашқанда, төлем карточкасын электрондық түрде немесе қолға берілетін нысанда шығарылуын таңдай алады:
 - 1) Төлем карточкасын электрондық түрде шығаруды таңдаған жағдайда, Банк төлем карточкасын қолға берусіз ұсынады.

ҚБҚЖ-да төлем карточкасының деректемелерінде келесі деректері көрсетіледі:

 - а) төлем карточкасының нөмірі;
 - б) төлем карточкасының әрекет ету мерзімі;
 - в) CVV2/CVC2 коды (қарап шыққанда).
 - 2) Төлем карточкасын қол берілетін нысанда шығаруды таңдаған жағдайда, төлем карточкасы қол берілетін нысанда шығарылатын болады.
8. Банк «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасын шығарады және қызмет көрсетеді, кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкіліне Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банк және төлем жүйелеріның қатысуышылары арасында жасалған шарттарда, Төлем карточкаларын беру және қызмет көрсету туралы шартта (жеке тұлғамен), Келісімде қарастырылған тәртіпте банк шотын ашады.
9. Банк «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасын ұстаушыға Банк/оның заңды өкілі белгілеген лимиттер шеңберінде оның жасына сай ұсақ тұрмыстық мәмілерлерді жасау бойынша операцияларды жасау мақсатында ҚБҚЖ-ға өту рұқсатын береді.
10. «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасы бойынша лимиттерді, шектеулерді Банк белгілеген шекте кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі - клиенттің ҚБҚЖ арқылы түзету мүмкіндігімен Банк белгілейді.
11. Шартта көзделген хабарламалар, сонымен катар төлем карточкасын ұстаушының операциялары мен басқа да әрекеттері бойынша хабарламалар төлем карточкасын ұстаушыға және оның заңды өкіліне ҚБҚЖ арқылы жіберіледі.
12. Заңды өкілі «**Forte балалар картасы**» төлем карточкасын ұстаушы орындаған барлық операция үшін жауапкершілікті көтереді.

**Төлем карточкаларын беру және
қызмет көрсету туралы шартқа (жеке тұлғамен)
10-қосымша**

Nomad Club ұпайларын есептеу бағдарламасының талаптары

«Эйр-Астана» АҚ Nomad Club ұпайларын есептеу бағдарламасының осы талаптары (бұдан әрі – Талаптар/Бағдарлама) Premier және Solo сегментіне жатқызылған және Банк шығарған тиісінше «Visa Infinite»/«Visa Platinum» төлем карточкаларын (бұдан әрі - Visa Infinite/Visa Platinum картасы) ұстаушылар болып табылатын клиенттерге «Эйр-Астана» АҚ Nomad Club (бұдан әрі – Nomad Club) ұпайларын есептеуді реттейді. Шартқа қол қою арқылы

клиент осы талаптарды қабылдайды және олармен келіседі, сондай-ақ Банктің «Эйр-Астана» АҚ-ға банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуіне өз келісімін береді.

1 Бағдарламаға қатысу тәртібі.

1. Бағдарламаға тиісінше Visa Infinite/Visa Platinum карталарын ұстаушылар болып табылатын және Nomad Club қатысушысы болып табылатын Premier және Solo сегментіне жатқызылған барлық клиенттер қатыса алады.
2. Бағдарламаға қатысу үшін клиент өзінің қызмет көрсететін Дербес менеджеріне өзінің Nomad Club қатысушы нөмірін хабарлауы қажет. Егер клиент Nomad Club қатысушысы болып табылmasa, клиент «Эйр-Астана» АҚ ресми сайтында өз бетінше тіркеуден өтуі қажет.
3. Клиент өзіне ыңғайлы кез келген тәсілмен Nomad Club қатысушысының нөмірін өзінің Дербес менеджеріне хабарлай алады.
4. Банктің ақпараттық жүйелерінде «Nomad Club қатысушысы» жолында Дербес менеджердің осы нөмірді енгізген күні Nomad Club қатысушысының нөмірін қабылдау күні болып табылады.

2 Бағдарлама қатысушыларына Nomad Club ұпайларын есептеу тәртібі.

5. Premier сегментіне жатқызылған клиенттер үшін Nomad Club 1 ұпайы қолма-қол ақшасыз тәсілмен, оның ішінде Visa Infinite картасын пайдалана отырып, Интернет арқылы жұмсалған әрбір 1 000 теңге (немесе шетел валютасындағы баламасы) үшін есептеледі. Solo сегментіне жатқызылған клиенттер үшін Nomad Club 1 ұпайы қолма-қол ақшасыз тәсілмен, оның ішінде Visa Platinum картасын пайдалана отырып, Интернет арқылы жұмсалған әрбір 1 500 теңге (немесе шетел валютасындағы баламасы) үшін есептеледі.
6. Ұпайлар саны әр транзакция үшін белек есептеледі. Егер клиентте 2 және одан көп тиісінше Visa Infinite/Visa Platinum картасы болса, онда ұпайларды есептеу әрбір Visa Infinite/Visa Platinum картасының әрбір транзакциясы бойынша жеке жүргізіледі.
7. Ұпайларды есептеу кезінде Банк эквайер-банктен транзакцияны раставтың қаржылық құжатты алған транзакциялар ғана ескеріледі.
8. Операцияның күші жойылған жағдайда, осы операция бойынша есептелген Nomad Club ұпайлары жойылуға жатады. Егер Nomad Club қатысушысы нөміріндегі ұпайлардың күшін жою сәтінде жинақталған ұпай жеткіліксіз болса, Nomad Club қатысушысы нөмірі бойынша қалдық теріс теңгерімге ие болады.
9. Visa Infinite/Visa Platinum картасы арқылы жүргізілген келесі операциялар ұпайларды есептеуге қатыспайды:
 - 1) Банк қызметтерін төлеуге байланысты операциялар;
 - 2) казинодагы және тотализаторлардағы операциялар бойынша;
 - 3) лотерея билеттері мен облигацияларды сатып алуға байланысты операциялар бойынша;
 - 4) олар бойынша кейіннен ақшаны қайтару жүргізілген операциялар бойынша;
 - 5) Visa Infinite/Visa Platinum карталарынан Банкте немесе басқа екінші деңгейдегі банктерде ашылған шоттарға ақша аударуға байланысты барлық операциялар бойынша;
 - 6) электрондық әмияндарды толықтыруға, байланыс операторының қызметтерін төлеуге байланысты операциялар бойынша;
 - 7) банкоматтар, ҚБҚЖ, байланыс операторының интернет-ресурсы арқылы тауарларды/қызметтерді жеткізушилердің пайдастына қолма-қол ақшасыз төлем жасау;
 - 8) коммуналдық қызметтерге (электр, газ, су), мемлекеттік қызметтерге, мемлекеттік пошта қызметтеріне, салық төлемдеріне, сот шығыстарына, оның ішінде алименттерге, айыппұлдарға, кепіл және төлем міндеттемелерін төлеуге, жолаушылар тасымалына, автобус бағыттарына, ақылы жолдар үшін алымдарға байланысты операциялар бойынша.